

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
ДІНТАНУ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТТАНУ КАФЕДРАСЫ**

Келісілген:
Факультет деканы
_____ **Ә.Р.Масалимова**
« » **2014 ж.**

**Университеттің ғылыми-әдістемелік
кеңесінде бекітілді**
Хаттама № _____ **2014 ж.**
Оқу ісі жөніндегі проректор
_____ **Д.Ж. Ахмед-Заки**

ЖАҒАНДАНУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІ

Оқу-әдістемелік нұсқаулар

Мамандық: 6D0204 – мәдениеттану

Оқу формасы - күндізгі

Алматы 2014

Әдістемелік нұсқаулар кредиттік бағдарламада докторанттарға «Жаһандану және Қазақстан мәдениеті» пәнінен 6D0204 – мәдениеттану мамандығы бойынша қосымша материал ретінде арналған. Оқу құралының негізгі тұжырымдары мен қағидалары елімізде мәдениеттану, этика, философия пәндерін оқытуда және қазақ халқының мәдени мұрасына байланысты қазіргі кезеңге қатысты арнаулы курстарды дайындауға көмегін береді.

6D0204 – мәдениеттану мамандығы бойынша әдістемелік нұсқаулар дінтану және мәдениеттану кафедрасының профессоры Т.Х.Ғабитов жасады.

Рецензенттер:

Философия ғылымдарының докторы, профессор Молдабеков Ж.Ж.

Философия ғылымдарының докторы Сатершинов Б.М.

Дінтану және мәдениеттану кафедрасының отырысында қарастырылған және ұсынылған.

« » 2014 ж., Хаттама №

Кафедра меңгерушісі _____ Құрманалиева А.Д.
(қолы)

Факультеттің әдістемелік (бюро) кеңесінде ұсынылды.

« » 2014 ж., Хаттама №

Төрайымы _____ СайтоваН.А.
(қолы)

АЛҒЫСӨЗ

Адамзат тарихында қоғам уақыт өткен сайын түбегейлі өзгерістерге ұшырап, **жаһандану** жағдайында өз құндылықтарын ой елегінен қайта өткізіп, рухани жаңғыруға даңғыл жол ашуда. Сондықтан бүгінгі таңда **жаһандану және мәдениет** ілімінің өзекті мәселелерін, әсіресе, бұрыннан қалыптасқан мәдени құндылықтар жүйесін жаңа заман тұрғысынан қайта қарау қажеттілігі туындап отыр. Сындарлы кезеңдердің талқысынан өтіп қана қоймай, осы бір тарихи дәуірлердің рухын жинақтап, мейлінше бай тәжірибе-тағылымды өз бойына сіңіре білген, өзінің сан-сапалық қасиеттерімен ерекшеленетін мәдениет атты ұлы күштің бағзы замандардан-ақ адамзат баласының зерттеу және оқып-білу объектісіне айналғандығы ақиқат. Жас мамандарды біртұтас және жан-жақты тұлға ретінде қалыптастыруда олардың өзіндік қабілеттері мен табиғи қасиеттерін барынша дамытатын, өркениеттілік құндылықтарға негізделген білімді бойларына сіңіріп, заман ағымына байланысты материалдық және рухани байлықтардың түбегейлі өзгеруін ой елегінен өткізе отырып, рухани-адамгершілік, мәдени-құндылықтық болмыстарын байытуда және өзіндік рухани жетілу жолдарын қалыптастыруда оқытылатын басқа пәндер арасында осы пәннің алатын орны ерекше.

Оқу-әдістемелік нұсқаулардың мақсаты докторанттарды жаһандану мен адамзат баласының мәдени жетістіктерін игеруге, қоғамның қалыптасуы мен дамуының әмбебаптық заңдылықтары мен негізгі түрлерін меңгеруге және әлемдік мәдениеттің інжу-маржанын өз беттерімен түсініп-білуге, кәсіби деңгейлерін одан әрі арттыруға бағдарлау болып табылады.

Оқу-әдістемелік нұсқаулардың міндеттері:

- адамзат баласының мәдени-өркениеттілік тәжірибесін игеруді, жаһанданудың тұтастығы мен ерекшеліктерін сараптау;
- әлемдік өркениеттің қалыптасуы мен дамуының жалпы заңдылықтарын айқындау; мәдениеттің этноаймақтық және ұлттық феномендерін зерттеу және олардың болмыстық ерекшеліктерін анықтау;
- жаһандану туралы түрлі философиялық мектептердің идеяларын, олардың бағыттарын талдау; жаһанданудағы қоғам мәдениетінің қазіргі даму жағдайы мен бағыттарына философиялық тұрғыдан сипаттама беру;
- отандық философия тарихын, оның қазіргі мәселелерін және даму болашағын зерделеу; гуманитарлық пәндер жүйесіндегі жаһанданудың философиядағы орнын, оның объектісін, неғұрлым өзекті проблемаларды айқындау;
- жаһандану мәдени феноменін, оның адамның өмірлік іс-әрекетіндегі рөлін түсіндіре білу; мәдениеттің жаһандық базистік құндылықтарын қабылдау, сақтау, болашақ ұрпаққа бере білу жолдарын игеру;
- мәдениет формалары мен типтерін, дамуы заңдылықтарын, негізгі мәдени-тарихи өңірлерді білу, отандық мәдениет тарихын, оның әлемдік мәдениет пен өркениет жүйесіндегі орнын білу; әртүрлі мәдениеттердің көптүрлілігі және өзіндік құндылықтығы туралы түсінік алу;
- жаһанданудағы қазіргі қоғамның мәдени ортасында бағдар ала білу; ұлттық және мәдени мұраның сақталуы және артуы жөнінде қамқор бола білу;
- тұлғаның жаһанданудағы қалыптасу жағдайлары, оның бостандығы және тұлғаның өмірді сақтау, қоршаған табиғи ортаның мәдениеті үшін жауапкершілігі туралы түсініктің болуы;
- қоғамдағы адамдар арасындағы қатынастарын реттеудің адамшылық нормаларын білу; интеллектіні дамыту және таным көкжиегін кеңейту, шығармашылық қызметке, үздіксіз білімін көтеру қажеттілігіне қызығушылық тудыру.

ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ТАПСЫРМАЛАРЫ МЕН ТАҚЫРЫПТАРЫ

Өзіндік жұмыстарды орындаудың талаптары мен шарттары. Жоғарғы оқу орнының оқу жоспарына сәйкес, әрбір докторант мәдениеттанулық пәндер бойынша бірнеше өзіндік жұмыстарды жазып өткізуі керек. Өзіндік жұмыстарға арналған тақырыптар екі бөлімде топтастырылған, себебі жұмыстардың әрқайсысы әр бөлімдегі тақырыптар тізімінен таңдап алынып, бірін-бірі қайталамауы керек. Тақырыптар саны жеткілікті мөлшерде құрастырылған, сондықтан да бір топтағы екі тр бір тақырып бойынша жұмыс орындауына болмайды.

Әрбір бөлімдегі тақырыптар теориялық немесе тарихи кезендерді қамтитындықтан тиісті деген әдебиеттердің тізімімен қамтамасыз етілген, дегенмен, соңғы уақыттарда баспадан шыққан жаңа кітаптар тақырыпты ашуға көмектесе, тізімде көрсетілмеген әдебиеттерді де пайдалануға болады.

Докторант тиісті кеңестер алуы қажет:

1. Таңдап алынған тақырыпты оқытушымен келісу, себебі көрсетілген тақырыптар шеңберінен шығуға докторант мәжбүр болса жетекшімен ақылдасуы қажет.

2. Керек болған жағдайда ғылыми әдебиеттер, мақалалар туралы кеңес алу.

3. Өзіндік жұмыстардың жоспарын бекіту.

4. Жұмысты жазу және талапқа сай формада көркемдеу.

5. Түсінбеген мәселелер, сұрақтар жайында мағлұмат алу.

6. Өзіндік жұмыстарды белгіленген мерзімдерде тексеруге беру.

7. Ұстаз тарапынан жасалынған ескертулер мен түзетулерді толықтырып, жұмысты көрсетілген уақытта тапсыру.

Өзіндік жұмыстардың мазмұны мен формасына мынандай талаптар қойылады:

Жұмыс жоспары екі немесе төрт бөлімшіден артық-кем болмауы керек, ерекше бір жағдайда ғана бес бөлімше болуы мүмкін. Жұмыстың мазмұны, әртүрлі монографиялар мен ғылыми мақалаларды оқып-талдаудың нәтижесінде құрылуы керек. Аяқталған өзіндік жұмыстардың мынандай көрсеткіштері болуы қажет: біріншіден, студент зерттеп отырған тақырыбының мәнін, теориясы мен тарихын терең танып-білгендігін көрсету; екіншіден, автор мәдени құбылыстарды талдай отырып, оларды әртүрлі ғалымдар мен ғылыми ағымдар көзқарасы тұрғысынан түсініп, бағалай білу; үшіншіден зерттеп отырған мәдени құбылыстың өзектілігін, оның тарихтағы орны мен қазіргі заманғы маңызын ашып дәлелдеу.

Өзіндік жұмыстарда осы мәселеге қатысы бар деген пікірлер мен концепцияларды атап көрсетіп, олардың авторлары мен жазған еңбектерінің атын атап, тексте келтірілген сілтемелер болса нөмірлеп белгілеп қою қажет. Бір мәселе бойынша көп түрлі пікір қалыптасқан болса, оларды салыстыра отырып, автор өзінің түсінігіне сәйкес келетін біреуін негізге алуға тиіс. Ғылыми жұмыстың құндылығы да, докторанттың жеке өзінің пікірінің қалыптасуы және соны айғақты түрде дәлелдей алуымен бағаланады. Мәселенің мәнін ашатын жақтарына назар аудара білу, фактілер мен уәждер арқылы тұжырым жасай алатындығы, жұмыстың деңгейін көтере түседі. Жұмыстың мазмұны логикалық тұрғыдан дұрыс және жасалған жоспарға сәйкес болуы шарт. Жұмыстың құрылымы кіріспе, негізгі бөлім және қорытындыдан тұрады. Кіріспеде, автор, осы семестрлік жұмыстың мақсаты мен мұратын, тақырыптың өзектілігін атап өтіп, осы мәселеге қатысты әдебиеттерге қысқаша шолу жасайды. Қорытынды бөлімде негізгі тұжырымдар айтылады және солардың нәтижесі ретінде түйіндеме жасалып, семестрлік жұмыс аяқталады. Жұмыстың сыртқы формасына келсек, оның көлемі 8 - 10 компьютерлік қағаз беті шамасынан кем болмауы керек, кіріспе, қорытынды және сыртқы бетін қоспағанда. Жұмыстың әрбір бетінде орын қалдырылып, тараулардың аттары жазылып, сілтемелер бет соңында көрсетілуі қажет. Жұмыстың сыртқы беті ғана машинкада немесе компьютерде теріліп, негізгі мазмұны көрнекті және түсінікті жазумен, таза және түзетулерсіз қолмен жазылған болуы керек.

Тақырыптар:

1. Мәдениет тарихындағы әмбебаптылық пен ерекшеліктің арақатынасының мәселесі.
2. Әлем модельдері: жаһандық және арнаулы ғылыми түсініктеме.
3. Адамның рухани әлемі ғылым мен философияның айнасында.
4. Жаһанданудың ұлттық санада алатын орны.
5. Ғылым мен философия әлемінің символикалық моделдері.
6. Христиандық, буддизм, ислам шеңберіндегі жаһанданудың ерекшелігі.
7. Ғылым кәсіптілік пен бейімділік ретінде (М. Вебер еңбегі бойынша)
8. Еуропалық мәдениеттегі жаһандық ғылыми рационалдылық мәселесі.
9. Техника деген не? Оның табиғаты мен қайнар көздері?
10. Материалдық феномен ретіндегі техниканың негізгі, фундаменталды сипаты? Әлеуметтік феномен ретінде? Жаһандық құбылыс ретінде?
11. Техника дамуының әлеуметтік-мәдени себептілігі неде?
12. Жаһандық экономика мәдениеттің басқа феномендерімен қандай байланыста? (ғылым, өнер, мораль, саясат және т.б.)
13. “Инструменталдық ақыл” концепциясының келеңсіз жағы неде?
14. Шығармашыл адамның өзін-өзі табуы, рухани өзін-өзі бекіту ретінде талдаңыз
15. Адам мен әлем қарым-қатынасының амбиваленттігі немен байланысты: бір жағынан – махаббат, үміт, сенім, ал екінші жағынан – оның алдындағы алаңдаушылық пен үрей?
16. Неліктен ХХ ғасырда табиғи және жасанды техникалық ортаның қарым-қатынасы ғаламдық мәселеге айналды?
17. ХХІ ғасыр басында қазіргі жаһандану қандай жаңа мәселелер мен жағдайларды туындатуда?
18. Жаһандық мәдениет мәселелерін қалай түсінесіз?
19. Жаһандану пайда болуының биоантропологиялық және әлеуметтік-мәдени негіздері.
20. Жаһандану дамуының әлеуметтік-мәдени детерминанттары.
21. Жаһандану және ғылым: өзара қатынас эволюциясы.
22. Жаһандану этосы.
23. Жаһандану және өнер.
24. Жаһандану және тұлға.
25. Жаһандануды бағалау критерийлері.
26. Жаһанданудағы ұлттың тарихи жауапкершілігі мәселесі.

ҰСЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

Негізгі әдебиет:

1. Нысанбаев А. Казахстан в условиях глобализации. – Алматы, 2006. – 214 с.
2. Кессиди Ф.Х. Глобализация и культурная идентичность // Вопросы философии. - 2003. - № 1. - С. 76-79.
3. Кодар А. Концепция развития культуры Республики Казахстан (проект) // Рух-Мирас (Казахстанский культурологический альманах). - № 2 (2). – 2004. – С. 4-11
4. Наурзбаева З. Стратегические приоритеты культурного развития Республики Казахстан (проект) // Рух-Мирас (Казахстанский культурологический альманах). - № 2 (2). - 2004. – С. 45-62
5. Чумаков А.Н. Глобализация. Контуры целостного мира. - М.: Проспект, 2005. - 213 с.

Қосымша әдебиет:

1. Степин В.С. Проблемы цивилизационного развития и глобальные процессы // Дилеммы глобализации. Социумы и цивилизации: иллюзии и риски. - М.: Вариант, 2002. - С. 248-249.
2. Глобалистика: Международный междисциплинарный энциклопедический словарь / гл. ред.: И.И.Мазурь, А.Н.Чумаков. - М.- СПб.: ИЦ «Елиман», 2006. – 321 с.
3. Златев В.В. Вектор перемен и глобализация. // Дилеммы глобализации. Социумы и цивилизации: иллюзии и риски. - М.: Вариант, 2002. - С. 52-63.
4. Вебер А.Б. Глобализация и устойчивое развитие: проблемное поле // Дилеммы глобализации. Социумы и цивилизации: иллюзии и риски. - М.: Вариант, 2002 – С. 283-298
5. Т.П. Лебедева. Глобализация и проблемы национальной идентичности // Полис. - 2003. - № 2. - С. 48-57.
6. 41. Н.Е. Покровский. Глобализация. Модернизация. Россия // Полис. – 2003. - № 2. - С. 35-43.
7. Ульрих Бек. Что такое глобализация? – М.: Прогресс-Традиция, 2001. – 372 с.

КОНТЕНТ

1. ЖАҒАНДАНУ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ФЕНОМЕН РЕТІНДЕ

1.1. Жаһандану үрдістерін зерттеу әдістемесі

Бүгінгі таңда жаһандану – қоғам дамуының заңдылықтарын өзгертіп, әлеуметтік және халықаралық қатынастарды жаңа сапаға өткізетін саяси-әлеуметтік, экономикалық құбылыс болса, екінші жағынан әрбір ұлттық мемлекеттің рухани мәдениетіне ықпал ететін, әлсіз мәдениеттердің үстем мәдениеттердің ықпалында қалып қоятын процесс деп атауымызға болады. Жаһандану мәселесіне байланысты қоғамда белгілі дәрежеде әр мемлекеттің өз зерттеу бағыттары мен бағдарламасы болмаса, онда сол мемлекеттің жаһандық әлемдегі орны да белгісіз, және сол үрдіске сіңісіп, өз құндылықтарын жоюуы бек мүмкін. Сондықтан да әрбір ХХІ ғасырда өмір сүріп жатқан мемлекет осы жаһандық ақпараттық-мәдени қысымға барлық жағынан сақадай сай болуы тиіс, әрине бұл жерде әр мемлекет сақадай сай болуы үшін, бұл үрдісті жан-жақты терең зерттеу елегінен өткізудің маңызы зор.

Қазір жаһандану дәуірі басталды және онда қай ұлттың рухани мәдениеті күшті болса, сол ұлт өмір сүруге бейім болады да, рухани мәдениеті әлсіз елдер ассимиляцияға ұшырап, өз-өзінен жойылып отырады. Бұл адамзат қоғамының дамуындағы заңды құбылыс. Сондықтанда оған ешкім қарсы тұра алмайды. Қазіргі кезеңде дүние жүзінде «Мәдениеттер майданы» жүріп жатыр деуіміздің себебі сол. Олай болса қазір күн тәртібінде, болашақта қазақ халқының ұлт болып қалу-қалмау мәселесі, яғни ұлтымыздың тағдыры қойылып отыр.

Қазақ мәдениеті, жаһандану кеңістігінде өзіндік ерекшеліктерін бәсекелестік қабілетпен өзге ұлт мәдениеттерімен терезесі тең келуі немесе бәсекелесуге енjarлық көрсетіп, өзге ұлт мәдениетіне сіңіп, жеке-дара ұлт мәдениеті ретінде жоғалып кетуі мүмкін. Осындай позитивті және негативті үрдістің қандай жағдайларда болуы мүмкін екендігін барынша жан-жақты қарастырылып, зерттеліп, сарапталып, нәтижеленуі керек. Бұл – уақыттың талабы және қазақ зерттеушілерінің ұлт және ата-баба аруақтары алдындағы қасиетті парызы мен міндеті. Өзіңді танымай өзгелермен сұхбаттасу қауіпті нәрсе, өзіңнің тұғырың мен табиғатыңды анықтамаған және өзіңнің өмірлік принциптеріңді қалыптастырмаған жағдайда өзге біреудің сыңары немесе одан да қауіптісі мәңгүрт болуың әбден мүмкін. Осындай үрдіс өз ұлтыңа да өзге ұлтқа да позитивтілік әкелмейді, керісінше, қоғамның, адамзаттың табиғатын мутацияға ұшыратып, бүкіл адамзатты рухани және, тіпті, материалды деградацияға ұшыратасың.

Жаһандану кеңістігіндегі әрбір ұлттық мәдениет рухани жағынан екі бағыттарда дамуы мүмкін – прогрессивті және регрессивті. Ол, әрине, ұлттық мәдениеттің ішкі потенциалына, менталитеттік деңгейіне, тектілігіне (тарих, этнопсихологиялық ерекшелік, өсу мен даму процестерінің дәйектілігі мен тиянақтылығы) және жаһандану процесінің табиғатына (позитивтілігіне немесе негативтілігіне) байланысты.

Жаңа мыңжылдық табалдырығында тұрған қоғамымыздың өтпелі кезеңінде ертеңгі болашақ мәдениет, дәстүрлі құндылықтар мен өркениетті құндылықтар, дәстүрлер және жаңартулар, заман талабы мәселелерінің ара-қатынасын шешуде туындайтын сұрақтардың жауабын өткен заманнан, Уақыт пен Тарих шеңберінен іздеу қажет. Қазақ мәдениеті әлемдік өркениет пен жалпыадамзаттық мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде өзіндік табиғи-ландшафттық жағдайларда – ерте кезден Батыс пен Шығыс мәдениеттерін байланыстырып келген Еуразияның орталық территориясындағы Ұлы дала ареалында қалыптасты. Орталық Азияның халықтары мен ертедегі тайпаларының палеолит, қола дәуірінен бастап мәдени дәстүрлері ғаламдық жалпыадамзаттық заңдылықтардың динамикасы ағымындағы социомәдени процестерді бастан кешіріп, номадизмге тән көшпелі мал шаруашылығының ықпалымен қалыптасты. Кейін толық құралып біткен жергілікті, төл (автохтонды) дәстүрлер әртүрлі шекаралас, жапсарлас жатқан халықтар мен елдердің мәдени ықпалын бойына сіңіре

отырып, қазіргі мәдениеттанымдық теориялық тұрғыдағы зерттеулерді талап ететіндей күрделі және біртұтас феномен – дәстүрлі этномәдениетті дүниеге әкелді.

Дәстүр мен Жаңашылдық арақатынасы кез-келген ұлттың әлеметтік-мәдени динамикасында, әсіресе транзитті қоғамдарда күрделі және қайшылықты мәселелердің қатарына жатады. Олардың өзара әсерінің негізгі үш формасын айқындауға болады: біріншісі – жаңашылдыққа қарсылық көрсете отырып, оны теріске шығару және ескі тәртіпке сүйену; екіншісі – жаңашылдыққа бейімделе отырып, ескі дәстүрді бұзу; үшіншісі – жаңашылдықты өзгерте отырып, оны дәстүрге сиятындай қалыпқа келтіру.

Егер мәдени Жаңашылдық қоғамға тереңінен сіңіп, ал мемлекет – Дәстүрдің сақтаушысы болса, онда бұл талас соңғысының мүддесіне шешілмейді. Қазақстандық қоғамда ұлттық дәстүрді қайта жандандыру бұқаралық сипат ала алған жоқ. Сондықтан тұрғындардың басым бөлігі дәстүрлі қалыптарды бұза отырып, нарыққа бейімделу барысында жаңашылдық пен таңсық атаулының барлығын байыбына барып сараламай қабылдауда немесе жөн-жосықсыз жұтуда. Тұрғындардың келесі бір бөлігі – орта және онан жоғары буын өкілдері реформаға қарсы шығып, ескіні қайтаруды талап етіп, дәстүршілдікті көксейді. Жаңа жағдайға тез бейімделе алғандар – негізінен қала жастары. Бірақ бұл жерде жаңашылдық дәстүрге сай формаларға бейімделген. Бұл қоғамда мәңгірттену үрдісінің етек алып келе жатқандығын байқатады.

XX ғасырдың ортасына дейін дәстүрлердің барлығы, инновацияны мүлде қабылдамайтын, тек тежеуші күш деп саналған М. Вебердің көзқарасы үстем болды. Батыс мәдениеттануы қоғамдарды дәстүрлі және модернистік қоғамдар деп бөлді. Кеңестік кезеңнен кейінгі ғылымда белгілі бір дәрежеде бұл дилемма толығымен қабылданбайды. Себебі, дәстүр мәдени құндылықтарды тасымалдау беру механизмдерімен, яғни мәдениеттің өз қызметімен теңестіріледі. Мәдени динамиканың төрт қайнар-көзі (бастауы) бөлініп алынады: 1. Инновация. 2. Мәдени мұраға назар аудару. 3. Сырттан алып пайдалану (диффузионизм, мәдениетті тарату). 4. Синтез. Кез келген дәстүр бір замандарда инновация туғызған, кез келген инновация – дәстүрге айнала алады.

Дәстүр мен модернизацияны абсолютті түрде қарама-қарсы қою мәдениеттің дамуындағы өзара әрекеттесу мен өзара алмасудың барлық күрделі механизмін, табиғатын ата алмайды. Осы орайда, шартты түрде жаратылыстанушылық термин – «гомеостазисті» қолдануға болады. Мәдени қозғалыстың мақсаты этномәдениеттің тұрақтылығын сақтау болып табылады, бірақ бұған ішкі және сыртқы параметрлерді тұрақты өзгерту жолымен жетуге болады. Күнделікті тұрмыстық санада дәстүрлерді, әдет-ғұрыптармен, рәсімдермен т.б. теңестіреді. Бұл – дәстүрдің бір жағы ғана. Екінші жағы мәдени шығармашылықпен, креативтілікпен байланысты (С. Эйзенштадт). Дәстүрлер мәдениеттің тұрақты ішкі ядросын құрайтындықтан, мәдениеттанулық рефлексияға талдау жасамай, айналып өтуге болмайды. Адам белгілі бір этникалық дәстүрлердің әрекет етуі өрісінде болады. Ана тілін білмеген ортада да адамзаттық мәдениет ықпалының өрісінен шыға алмайды. (ирландықтар, шотландықтар, аустралиялықтар негізінен ағылшын тілінде сөйлегенімен, этникалық тегінен айырылған жоқ). Дәстүрлердің өзгеруі – этникалық мәдениеттегі өзгерістерді білдіреді.

Бақылау сұрақтары

1. “Жаһандану” және “мәдениет” – осы ұғымдардың эволюциясын көрсетіңіз.
2. Жаһандану мен мәдениеттің арақатынасы қалыптасуының негізгі кезеңдері, ғылыми-әлеуметтік білімдегі оның рефлексиясы неде?
3. “Жаһандану” мен “мәдениет” ұғымдарының көпмәнділігінің себептері неде?
4. Вестернизация деген не?
5. Жаһанданудың мәдени өлшемдерінің факторларына сипаттама беріңіз.

1. 2. Жаһандану ұғымы және оның теориялық-методологиялық негіздері

Жаһандану кеңістігіндегі өзгеріс үрдістерін зерттеп, сараптамастан бұрын, осы аралда жүзеге асып отырған процесті – жаһандану процесінің басталған уақыт пен себеп-салдарын анықтау басты шарт.

Көптеген ғалымдар мен зерттеушілер пайымдаулары бойынша, жаһандану процесі анық XX ғасырда көрінсе де, оның басталу тарихы біздің заманымызға дейінгі дәуірлерден бастау алады, яғни адамзаттың дүниеге келуі және бүкіләлемдік интеграция процестері бір-біріне байланысты және бір-бірінің себеп-салдарлары болып табылады. Бірқатар тарихшылар жаһандану процесін бірнеше кезеңдерге бөліп қарастырады:

1. Архаикалық жаһандану.
2. Прото-жаһандану.
3. Қазіргі кезеңдегі жаһандану.

Негізінен жаһандану процесі тарихы екі кезеңдер бойынша жүрді және жүріп келеді, яғни:

1. Локальды (жергілікті) жаһандану.
2. Жер бетін түгел алып отырған жаһандану.

Локальды жаһандану процесі көршілес мемлекеттер, ру-тайпалар, халықтар арасындағы интеграциялық, сұхбаттық, қарама-қарсылықты қарым-қатынастар процесі кезінде айқын көрінеді. Мысалы, тарих беттерінен Рим империясы мен көршілес елдер арасындағы немесе қазақ даласында мекендеген ру-тайпалар арасындағы қарым-қатынастар жаһандық жаһандануға бастама, негіз болғанын тарих, уақыт көрсетіп отыр.

Ал жаһандық деңгейдегі жаһандану процесі бүкіл әлемді қамтитын жаһандық процесс, яғни әлемнің бір түкпірінде болып жатқан тарихи, мәдени, саяси, әлеуметтік, экономикалық позитивті немесе негативті оқиғалар өзгелерге белгілі бір уақыт көлемінде жеткізіліп, одан кейін сарапталып, қандай да бір тұжырым қалыптасады.

Жаһандану процесінің қарқынды адым алып дамуға бірқатар империялар-хандықтар әсер еткен болатын – Моңғол империясы, Оттоман империясы, Португалия империясы, Германия империясы, Испан империясы, т.б., соның ішінде қазіргі таңдағы батыстандыру немесе американдандыру процесі.

Жаңарған әлем соңғы онжылдықтағы әлеуметтік институттармен әртүрлі мәдениеттердің өзара әсерімен күшеюі арқылы және көрінбейтін динамика арқылы сипатталатын белсенді трансформация кезеңін басынан өткеруде. Жүріп жатқан процесстердің нәтижесі бір мемлекеттің, аймақтың және тұтастай әлем сипатының өзгеруі болып табылады. Бүгінгі таңда бұл дәлелдер талас тудырмайды, бірақ уақытында трансформациялық процесстің мәніне қатысты ойлар соның соңғы нәтижелері. Және де оған арнайы бақылаулар мен бағалар берілді.

Әлемдік бұл өзгеріс тенденциясына талдау жасағанда, өзгермелі әлемді түсінуге бірден-бір қадам жаңарған қоғамдағы гуманитарлық ғылымда жаһандану теориясы орын алады. Әлемдік даму тенденциясының негізі болып жаһандану ықпалының көрінісі, экономикалық – саяси процесстерде, сондай-ақ мәдени-өркениеттік саладағы өзара байланыстардан көрінеді. Ол мемлекеттердің алдына жаңарған үрдістегі жаһандық негіздерді иемденуші мәдени-өркениеттік тапсырмаларды қояды. Және де осындай жағдайда өзінің дәстүрлі арнайы құндылықтарын негіздейді.

Соңғы уақытта жаһандану және жаһанданулық үрдістер көптеген зерттеушілердің назарын аударған объект болды. Жаһандану теориясы халықаралық қатынастардағы саяси теория мен әлеуметтік жүйелік теорияның негізінде пайда болып, әлемдік жүйе мен әлемдік қауымдастық концепция шеңберінде тиімді өңделген. «Жаһандану» термині XX ғасырдың 60-шы жылдарында В. Мураның еңбегінде пайда болды (сондай-ақ ол жаһандық социология терминін айналымға енгізді) және М. Маклюэнның еңбегінде «жаһанданулық ауыл» термині қолданылды.

Дегенмен сол он жылдықтардан бері жаһандану мәселелері бойынша пікірталастар жалғасып жатса да жалпы жаһандану терминін ашып бере алмады. Қанша зерттеу жұмыстары жасалса да, «көп түсінігі бәрібір бұлдыр күйінде» қалды, және бұл тақырыпқа байланысты, әрбір автор өзіндік жеке ойларын береді. Қиындығы сол бұл ғалымдар әртүрлі түсіндіреді; кейде онда жаңа және комплексті мәселелер көрінеді. Сондай-ақ американдық социолог Р. Страйкер бойынша, жаһандану түсінігімен байланыстағы проблемалар жиынтығы ретінде зерттеушілердің назарын аударған объект ретінде салыстырмалы түрде ұзақ болмады және дәл осылай оның ойынша сол кездегі мәселе болып, нақты ойлау жүйесінде әлі де болса, жалпы түсініктегі постулаттарды реттеуге негіз болмады. Жаһанданудың мазмұны мен мәнін түсіндірудегі айырмашылықтар туралы айтқанда бұл ұғымның көпжақты екенін айтпай кетуге болмайды. Жаһандық процестер жалпы сипатталады, ал оның әртүрлі аспектілері қазір барлық қоғамдық ғылыми пәндерде қолданылуда. Жаһандану термині олардың әрқайсысында өзінің негізгі мағынасында қолданылады.

Экономистер жаһанданудың мәні ерекше типтегі әлемдік экономикалық жүйенің пайда болуынан көреді. Соған сәйкес олар жаңа ғаламдық қаржы жүйесінің құрылуы, трансұлттық корпорациялардың дамуы, трансұлттық экономиканың қалыптасуы (халықаралық еңбек бөлінісінің тереңдеуі, жұмыс күші, капитал, шикізаттық әлемдік нарықтарының пайда болуы) сияқты проблемаларды зерттеуге баса назар аударады.

Географтар жаһанданудың кеңістіктік өзгеруін зерттейді: үлкен қалалар мен мегаполистегі проблемалар, жаһанданудың нәтижесінде бейбітшілік кеңістігінде пайда болып келе жатқан «экономикалық архипеллагтар».

Халықаралық қатынастар мен халықаралық құқық ғылымының өкілдері басты назарды трансұлттанудың жылдам жүруі мен мемлекеттердің өзара тәуелділігінің күшейуін: мемлекеттің егемендік жағдайына, халықаралық құқықтық жаңару мен жаңа әлемдік тұрақтылықтың орнауына бөледі. Халықаралық қатынастағы трансұлттық саясат Версаль және Подсдам жүйесінің күйреуінен кейін халықаралық қатынастар жүйесінде пайда болды. Ұлттық мемлекеттік принциптерге негізделетін «жабық» және өзара қатынас принциптеріне негізделген «ашық» деп сипатталған ескі және жаңа саясат түрінің арасында халықаралық қатынастар сферасының жаңару тенденцияларының сараптаған кезде екеуінің қарама-қайшылығы айқын көрінді. XX ғасырдың басындағы мемлекеттік мәселелерді шешуге бағытталған (өзін-өзі анықтауда ұлт құқығы, ұлттық мемлекетті қорғау тағы сол сияқты) принципке қарағанда XX ғасырдың ортасынан бастап халықаралық қатынастар саласындағы зерттеулер басты назарды адам құндылықтары мәселесін шешуге (адам құқығындағы мәдени-этикалық құндылықтарды қорғау, жаһандық мәселелерге т.б) аударды.

Әлеуметтанушылар мен мәдениеттанушы зерттеушілер әлеуметтік-мәдени даму стратегиясына жаһанданулық тенденциялардың ықпалымен байланыстағы мультимәдениеттер феноменімен айналысуда.

Философтар да жаһандану феноменін талқылауда көп үлес қосуда. Біріншіден, олардың зерттеу объектісі болып адамзат құндылықтарының әмбебаптануымен «жаһандық проблемалар» және жаңарған әлеммен байланысты.

Жаһандану дискурсының пайда болуы көбінесе трансформация теориясының кеңістіктік референциясы ретінде түсіндіріледі. Жаһандану парадигмасы үшін кеңістіктік референцияның маңыздылығын зерттеушілер былай түзейді: Постмодернизм қазіргі заманға тән уақыт концепциясына сауал тастаған кезде жаһандану кеңістіктік байлыққа бағытталады. Бұл мағынада жаһандану қазіргі заманның кеңістіктік шырқауы деп түсіндірілуі мүмкін. Иә, шындығында адам баласы жаһандану теорияларының көпшілігінде әлеуметтік ұйымдасудың дихотомиясы: «аймақтық ғаламдыққа қарсы» жатады. Бұл дихотомияда «ғаламдық» термині өзіне «интернационалдық» және «трансұлттық» ұғымдарын, ал «аймақтық» термині «ұлттық» және «мемлекеттік» ұғымдарын қамтиды. Жаһанданудың кеңістіктік парадигмасы шеңберінде әлеуметтік

ұйымдасу мен әлеуметтік өзара іс-әрекеттің кеңістіктік сипатының өзгеруімен байланысты процестерді түсіндіру бейнелеу қабылданған.

Жаһанданудың «кеңістігі» парадигмаларының пайда болуына әлемдік жүйені экономикалық және саяси қатынастар жүйесі ретінде қабылдайтын ұғымға негізделген теориялық модельдер негіз болды. Бұл дәстүрдің мысалы И. Валлерстайнның еңбегі болып табылады. Ол XV – XVII ғасырда пайда болған және (дәстүрлі) империя қоғамдарының аймақтық интеграциясының дәстүрлі типінен түбірінен ершеленетін «әлем экономикасы» ұғымын алға шығарды. Бұл әлемдік әлемдік жүйе жаңа дәуірде бүкіл әлемге тараған әлемдік капиталистік экономика болып табылады.

Әлем экономикасы құрылымы үш полюсті болып табылады: орталық – жартылай периферия – периферия. Әрі онда зоналар географиялық жақындық бойынша емес, байланыс сипаты бойынша топтасады. Капиталистік әлем – экономиканың орталығында кооперация мен бәсекелестік қатынасы орнайды. Орталық пен периферияның арасында эксплуатация (қанау) мен тәуелділік байланысы орнайды. Жартылай периферия атауынан көрініп тұрғандай, орталық пен периферияның арасында аралас типтегі байланыста болады. Бұл құрылымның интеграциясы сауда және өндірістік өзара байланыстың арасында мүмкін болады, әрі ұлттық мемлекеттердің әлем – экономика құрылымына қосылуы біршама мәжбүрлік сипатта болды.

И. Валлерстайнның әлем – экономика моделіне жақыны, Э. Гидденстің жаһандану теориясы болып табылады. Гидденс жаһандану теориясының бүкіл әлемге тараған әлеуметтік қатынастардың күшеюінен көреді. Яғни жергілікті оқиғалар одан алыс жатқан жердегі жүріп жатқан оқиғалардың әсерінен және бұған керісінше жағдай да жүреді. Гидденс жаһандануды тікелей модернизацияның жағасы деп түсінеді.

Гидденс бойынша жаһандану әлеуметтік қатнастардың жергілікті жағдайлардан автономизациялануы болғандықтан, деконтекстелген институттар іс-әрекетінің бүкіл әлемге таралуын модернизацияның жаһанданулық формасындағы жалғасы деп айтуға болады. Ол жаһандануды кез-келген әлеуметтік жүйе сияқты төрт институттың өлшемімен қарастырады: әлемдік капиталистік экономика, ұлттық мемлекеттер жүйесі, әлемдік әскери тәртіп, халықаралық еңбек бөлінісі.

Француз саясаттанушысы Ж. Аттали өзінің болашақ туралы версиясын суреттей келе әлемнің бірігуі және оның біртектілігі туралы айтады. Бүкіл әлемде ақпараттық технологияның дамуымен бірге либералды-демократиялық идеология мен нарықтық экономиканың таралуы әлем біртұтастыққа келе жатыр, ғасырлар бойы үстем геосаяси реалдылық «үшінші дәуірде» келмесе кетеді дегенді ұйғарады. Біртұтас әлем «геоэкономика» принципіне құрылған. «Геоэкономика» - бұл геосаясаттың ерекше версиясы, ол өз талдауында басты назарды дәстүрлі институттарға, мемлекеттерге, мәдени және этникалық дәстүрлерге емес, ғаламдағы экономикалық тасқынның құрылымы мен географиясын зерттеуге көңіл қояды. Осылайша, негізгі акцент қай жерде әлемдік биржаның орталығы пайдалы қазбалар, ақпараттық орталықтар мен ірі өндіріс бар сол жерге жасалады.

XIX - XX ғасырдың әлеуметтік мәдени өзгерістерді «жаһандану» емес, «интернационализация» түсінігімен ұғындыратын зерттеушілермен келісуге болады. Аталған контекстегі интернационализация терминін экономикалық және саяси байланыстар жүйесінің ұлттық институттар деңгейінде (мемлекет, үкіметаралық ұйымдар, үкіметтік емес, бірақ ұлттық масштабтағы ұйымдар) өсуі деп, сондай-ақ XIX ғасырда дамудың классикалық теориясының пәні болған өндірістік буржуазиялық қоғам институтының барлық елге таралуы деп түсінуі керек. Мысалы 1848 жылы К.Маркс пен Ф.Энгельс жазған «Коммунистік партияның манифесінде» халықаралық экономикалық байланыстар мен капиталистік қатынастардың территориялық экспанциясы адамзаттың жаңа тарихи кезеңге өтуінің маңызды сипаттамасы ретінде суреттеледі.

Осы көзқараспен қарағанда интернационализациядан жаһанданудың өзіне өту дегеніміз бірқалыпты жүріп жатқан алдыңғы тенденциялардан одан кейінгі әлемдік дамуға, секіретін динамикалық тенденцияға өту болып табылады.

Бұл өтпелі кезеңнің негізгі белгісі даму параметрлерінің өзара қайшылықтарының саны болады. Жаһандану түсінігі интернационализациялық процестердің күшеюін қамтиды, сондай-ақ субнациональді деңгейдегі әлеуметтік ұйымдастырудың өзгеру факторы тікелей орнықты және де трансұлттық, индивидаралық, топаралық өзара қарым – қатынастар күшейді.

Жаһандану мәселесіне арналған әртүрлі саладағы білімдердің зерттеулеріне сараптама жасауда жаһанданудың процесіне жататын негізгі факторлар мен процестердің топтамасын айқындап алу шарт.

1. Шексіз өсу мен транстерриториялық байланыстардың күшеюі мен өзгеруінің нәтижелері транспорт және масмедиадан электронды байланыс, компьютерлі сеттерге дейінгі әртүрлі коммуникациялық құралдардың даму нәтижесі. Ақпараттық және мәдени айырбассаласында көптеген дәстүрлі шекаралардың жойылуы; бірізділік мәдениет пен этиканың таралуына әкеледі.

2. Трансұлттық корпорациялардың пайда болуы, капитал қозғалысы мен халықаралық сауданың өсімі, халықаралық қаржы айналымының күшеюі, әлемдік бағаға бағытталу, жеке технологиялар, жұмыс күшінің миграциясы сонымен қатар экономиканың интернационализациясына әкеледі.

3. Белгілі бір идеологиялық принциптердің таралуы, яғни демократия принципі, капиталистік кәсіпкерлік және нарықтық механизмдер.

4. Халықаралық қатнастардағы қоғамдық пікір мен үкіметтік емес ұйымдардан трансұлттық қозғалыстар мен ұлттан жоғары деңгейге дейінгі әлемдік саясатта жаңа субъекттердің пайда болуы; мемлекетараалық институттар мен халықаралық құқық жүйесінің дамуы.

5. Перспективада адам ағзасына әсер ететін жаңа құралдарды ойлап табу, яғни ядролық, химиялық объекттер, терроризм, экологиялық дағдарыс және ресурстардың таусылуы осындай бұқаралық күйреумен байланысты қауіпсіздікке төнетін қатерлердің трансұлтты және фундаментальді сипаты.

Жаңа әлемдік гомогонизация негізінде жеке тенденцияның болуын күдіксіз тағы бір дәлелмен келтіруге болады.

Бақылау сұрақтары

1. Жаһандану мен мәдениеттің өзара арақатынасы туралы батыстық концепциялардың айырмашылығы.
2. Жаһандануды типологизациялау негіздерін атқару.
3. Өркениеттің техногендік және дәстүрлі кодының негізгі сипаттамасы қандай?
4. Жаһандануды әлеуметтік-генетикалық код деп түсінуді негіздеңіз.
5. Адамдар өркениеттік дамуға қалай әсер етуі мүмкін?

1.3. Жаһандану үрдісіндегі батыстық және шығыстық құндылықтар

XVII-XVIII ғ.ғ. Батыс Еуропа елдерінде буржуазия ұлттық мемлекет құру ұранын көтерді. Және осы ұранның арқасында Еуропада ұлттық мемлекеттер пайда болды да. Бұл ұлттық мемлекеттер ұлттың өзін-өзі сақтау құралы ретінде дүниеге келді. Бірақ, халықаралық құқық жүйесі ұлттардың егемендігін бекіткенімен, мемлекет ұлттың өзін-өзі сақтау, даму құралы болғанымен нақты өмірде бұлай болмады. Мұндағы бір парадокс ұлттық мемлекеттер дәуірінде мемлекеттердің көбі түрлі ұлыстардан, этностардан құралды. Барлық мемлекеттер осы ретте осы ұлыстардың әсіре ұлтшылдыққа ұрындырмауға, сөйтіп, мемлекеттің тұтастығын бұзып алмауға ұмтылды. Ғылыми теориясына жүгінсек ұлтшылдық

дегеніміз бір мемлекетте тұратын екі немесе одан да көп этностардың біреуі немесе барлығы бірдей өз ұлтының тілін мемлекеттік тілге айналдыруды, билік органдарын өз өкілдерінің басқаруын, мемлекеттің өзінікі болуын қалайды, сол үшін саяси тәсілдермен күреседі. Ұлтшылдық кейбір тарихи кезеңдерде, бірде тұрғын халық отарлаушылардың кетуін талап етіп, бірде екі ұлыс мемлекеттегі билікке, саяси ықпалға таласып ел тұтастығына, ішкі тұрақтылық пен дамуға қауіп төндіруі мүмкін. Мұндай ұлтшылдықтың тамырына Еуропада ертерек балта шабылды. Яғни, өндірістік-индустриалдық мәдениет қалыптасып, этникалық мәдениеттерді ығыстырып шығарды. Сондықтан, Еуропалықтар этникалық тұтастықтан гөрі, мемлекеттік тұтастық, саяси бірлікті «ұлт» деп таныды. Батыс Еуропаның қоғамдық ғылымында да бірнеше этнос бір мемлекетте бейбіт қатар өмір сүретін болса, ол мемлекеттің жұртшылығы біртұтас ұлт болып есептелді.

Ал, Шығыс елдерінің тарихы, мәдениеті, индустриясының даму деңгейі Еуропа мемлекеттерінің тарихынан, даму дәрежесінен, өркениетінен, діни түсінігінен бөлек еді. Бұл елдердің мәдениеті де, ондағы ұлттардың қалыптасу тарихы да басқаша өрбіді. Сондықтан, ұлт пен мемлекеттің жігін ашып, ұлттық мемлекет деген ұғымды толық түсіну үшін біз ұлт, этнос жайындағы ғылыми теорияларды шолып шығуға тиіспіз. «Жаһандану жағдайында көпұлтты Отанымызда қоғамдық тұрақтылықты сақтау үшін ұлттық саясатта қандай мақсаттарды таңдауға тиіспіз? Қазақстан халықтарын біріктіру үшін қандай құндылықтарды насихаттау керек? Бізге бір ұлт болып ұйысу мүмкін бе?», - деген сұрақтарға жауап беру үшін осы «ұлт» ұғымының ғылыми тұжырымдамаларын сүзіп шығуға міндеттіміз. Батыс ғалымдарының түсінігі бойынша және Батыс Еуропаның бүгінгі өмірінің ерекшеліктеріне қарағанда ұлт дегеніміз – дамыған қоғамдағы этностың жетілген түрі. Ұлт дегеніміз - феодалдық ыдыраңқылық жойылып, капитализм орнаған кезде, яғни шаруашылық және басқа да экономикалық-кәсіби қатынастар күшейген кезде, жаппай сауаттылық тарап, бір тілде әдебиет жазылып, білім беру мен өндірістік қатынастар бір тілде жүргізілгенде, сол тіл арқылы ұлттық сана-сезім пайда болғанда қалыптасатын тұтастық. Бұл анықтама Шығыс елдеріндегі ұлт анықтамасына сәйкес келмегенімен, Еуропа елдерінің тарихына сәйкес, дұрыс анықтама.

Ұлтты азаматтық негізде, мемлекеттен ажырағысыз етіп түсіндіретін тұжырымдардың ішіндегі қабырғалысы Бенедикт Андерсонның «ұлттық тұтастықтың елесі» концепциясы. Б. Андерсон бойынша, антропологияға сүйеніп ұлттың мынадай анықтамасын ұсынамын: ұлт дегеніміз адамдардың ойындағы тұтастық елесі және ол тұтастық егеменді қоғам түрінде елестейді. Яғни, ұлт деген - елес. Өйткені, ең шағын ұлыстың адамдары да бірін-бірі түстеп танымайды. Тіпті түгелі бір уақытта бір жерге жиналмайды. Ұлт өкілдерінің тағдыры туралы да жекелеп білмейді. Бірақ, ұлыс өкілінің есінде өзінің ұлт мүшесі екені сақталады. Және ұлт әрқашан достық, туыстық қатынастар түрінде елестейді. Дәл осы елес мыңдаған жылдар бойы адамдарды ерлік жасауға, жан қиюға, бірін-бірі өлтіруге итермелеп келеді. Сондықтан болар белгісіз солдаттан артық қазір ұлттық символ жоқ. Оның қабірінде ешкім жатпауы да мүмкін.

Сонымен, біз ұлттық тұжырымдарды азаматтық негіздегі ұлт теориясы және этникалық негіздегі ұлт теориясы деп жіктедік. Және осыған орай конструктивистік тұжырым мен примордиалистік тұжырымдарға бөлдік. Әлбетте, бұдан басқа көптеген типологиялар да бар. Мысалға, ұлттың контекстуалды, инструментальді теориялары, тіпті ешқандай тұжырымға жатпайтын қысқа-нұсқа анықтамалары да жетерлік. Біз бұл жерде ұлттың мағынасы мен мемлекеттің мағынасын анықтап алуды мақсат тұтамыз. Өйткені, Еуропа ұлттарының қалыптасу тәжірибесі - ұлт мәселесі саясаттың маңызды факторы болып отырған жаһандану заманында төтенше керек дүние. Мемлекеттің ұлттық саясатының бағыты айқын болмаса немесе Қазақстан халықтарының «примордиалистік менталитетін мүлде ескермей, жұрттың бойы үйренбеген азаматтық ұлт идеясын дүркін-дүркін ел алдына ұсына берсек қоғамдық тұрақтылыққа сызат түсуі де ғажап емес. Оның үстіне елімізде Еуропалық ұлттардың қалыптасуына негіз болған алғышарттар жоқ. Еуропа мемлекеттерінде тілдік бірлік мектептерді күштеп салып, тіл үйренбегендерге әкімшілік жаза қолдану сияқты авторитарлы

тәсілдер арқылы қалыптасса, сонау ХҮІІІ-ХІХ ғ.ғ.-да бұл қалыпты жағдай саналатын еді. Қазіргі демократиялық-нарықтық жаһандану заманында біз мұндай тәсілдерді қолдана алмаймыз. Біздің этникалық тарихымыз да басқаша өрбіді. Осы жағдайда Қазақстан халқының мәдени тұтастығын қалыптастыру мәселесіне қандай тұрғыда қарауға тиіспіз? Осы сұраққа жауап беру үшін біз әрине ұлттық мемлекет пен ұлттық тұтастық феномендерін барлық қырынан зерттеуге тиіспіз.

Шығыс адамдары өз елдерінде секуляризацияға ұшыраған ортақ білім жүйесі, индустрия мен ортақ заңдар жүйесі ежелден қалыптаспағандықтан ұлттық ортадағы этникалық дәстүрлі қарым-қатынастар мемлекеттік тұтастықтың кепілі деп түсінді. Шығыста заң кодекстері мен билік институттарын, білім жүйесін Еуропалық тәжірибеге ұқсатып құрғанда әдет-ғұрыптарды, мистикалық түсініктерді де араластырып, кірістіріп отырды. Ислам елдеріндегі, Қытайдағы құқықтық қатынастарды реттеу тәжірибесінен осыны көреміз. Бұл этникалық ұлттардың мемлекеттерінде стандартты кодекстер мен институттар болмайды деген сөз емес, тек олар Шығыс халықтарының идеологиялық ұлттық бірлігін қамтамасыз етуде шешуші роль атқармайды. Шығыс елдерінде стандартты құқық кодекстері мен мемлекеттік институттардан гөрі этнографиялық дәстүрлер мен діни түсініктер, дәстүрлі институттар (ақсақалдар соты, шарифат, мешіт, ұлттық аңыздар т.б.) ұлттық тұтастыққа пайдалы әсер етеді. «Бірақ, - дейді Э.Д. Смит, - Шығыс елдерінің көбіне этнос пен мемлекеттің тұтастығы бірдей нәсіп болмаған. Мысалы, Түркия көпұлттылық әсерінен этникалық пантүркизм идеясынан бас тартуға мәжбүр болды. Шағын территорияға, азаматтық құқықтарға, бірыңғай азаматтық кодекске, зайырлы саяси мәдениетке және азаматтардың сенім бостандығына сүйеніп қазір қуатты мемлекет құрды. Бірақ, ұлттың территориялық және этникалық тұжырымдарының дуализмі әлі шешілген жоқ», - дейді. Түркия қоғамында да қақтығыс қаупі жоғары.

Батыс елдерінде бір тілде жүретін капиталистік қатынастарға, индустрияның ортақ стандарттарына, кәсіп игеру үшін сол елдің білім жүйесіне адамның сіңіп, жұтылып кетуі мүмкін. Еуропада қалыптасып қалған индустриалдық мәдениетке енді этникалық мәдениетті енгізу, таңу мүмкін емес. Бірақ, ұлтты басқаша түсінетін Шығыс адамы стандартты кодекстер мен зайырлы әкімшілік тәртіпке, белгілі бір ұлттық тілге негізделген индустриалды мәдениетке өзін жатқыза алмайды. Бәрібір оның этникалық идентификациясы индустриалды мәдениетке деген құрметінен жоғары тұрады. Сондықтан, Шығыс елдеріндегі ұлт тұжырымдамасы мемлекет халқының егемендігі, яғни территориялық тұтастығы принципімен санаспайды. Шығыста халық егемендігі емес, этникалық мемлекет деген түсінік орныққан. Азиядағы мемлекеттердің ішінде жүріп жатқан ұлттық қақтығыстардың өршіп кетуі осыдан.

Жаһандану арқылы индустриалдық мәдениет талаптары, демократия мен плюрализм принципі Шығыс елдерінің қоғамдық санасына еніп жатыр. Бірақ, жаһандандық капитализм Шығыс елдерін Батыс Еуропа мен АҚШ-қа, әлемдік қаржы институттарына кіріптар етуде. Осындай әлеуметтік-экономикалық, технологиялық дағдарыс жағдайында көптеген Шығыс елдерінде (Түркия мен Ирандағы күрдтер мәселесі, Ирактағы күрдтер мен парсылар және арабтар, Ауғанстандағы өзбектер мен тәжіктер, пуштундар, Пәкістандағы кашмирліктер мен үндістер, Қытайдағы Шыңжаң мәселесі, Ресейдегі шешендер проблемасы т.б.) ұлтшылдықтың агрессиялық формасы осы Шығыстағы «ұлтты» этникалық негізде түсіну әдетінен шығып отыр. Э. Смит «Барлық мемлекеттер өз іштерінде біртұтас мәдениет құруға ұмтылмайды, көп елдер өз ішіндегі саяси тұрақтылықты нығайту үшін аз ұлттардың да мәдениетін дамытуға құқық береді», - деп жазады. Э. Смиттің бұл ойы Шығыс елдеріндегі бір мемлекетте тұрып жатқан әртүрлі ұлттардың бір тілге қантөгіссіз өтіп, біртұтас мәдениет құрып кете алмайтынын түсінгеннен кейін айтқан пікірі болуы керек.

Жаһандануды ұлттың Еуропалық конструктивистік теориясы мен Шығыстағы примордиалистік тұжырымының қақтығысы деп те айтуға болатын сияқты. Өйткені, ұлтты примордиалистік тұрғыда түсіну жалпы Шығыс халықтарына тән. Және ұлттық эстремизм, ұлтаралық қақтығыстардың да ушығып тұрған аймағы - Азия. Себебі, ұлттың

примордиалистік тұжырымы бойынша адамның ұлты оның табиғи жаратылысымен анықталады. Этностар тарихта ежелден шешуші роль ойнап келеді, болашақта да солай болады. Тіпті, кейде примордиалист ғалымдар жануарлардың тұқымдары сияқты ұлттар та адамның түрлі тұқымы деген пікірлер айтады. Мысалға, сиырдың ешқашан жылқылардың арасына сіңбейтіні сияқты этностар да бір-біріне сіңбейді. Мысалға, Уоллерштейн «Этникалық сана-сезім латентті түрде барлық қоғамда болады. Бірақ, тыныш жатқан осы сезім ұлт басына қауіп төнген сын сағатта ғана іске қосылады. Әсіресе, ұлттың саяси құқықтарын кеңейтуге мүмкіндік туып тұрған кезде күшейеді», - дейді. Егер ұлттық сана-сезім «барлық халықтың бойында латентті түрде жасырынып тұратын болса, оның іске қосылуы үшін алдыңғы заманда болған бір мәдени қуат керек. Яғни, ұлтты күреске шығару үшін тарихтан қазып ұлттық батырлардың бейнесін, немесе ерлік символдары мен халықтық ұрандарды алып шығу керек. Дәл осы механизммен ғасырлар бойы ұлттық қақтығыстар тұтанып, ұлт-азаттық күрестер жүріп келеді. Олай болса, ұлттың примордиалистік концепциясы бойынша ұлттық сана-сезім - ешқашан жойылып кетпейтін, адамдардың санасын билейтін құбылыс.

Барлық ұлттардың табынатын киелі мәтіндері, әулие-әнбиелері, пайғамбарлары бар. Бұл мәтіндерде көбінесе Құдайдың бар екені, дүниеқоңыздықтың, нәпсі мен сайтанның азғырғанына ерудің ауыр күнә екені баса айтылады. Бір ұлттың әдет-ғұрпы, киімі мен тағамы екінші халық үшін күнә, Құдайға емес басқа нәрсеге табыну, сайтанның сайқымазағы болып көрінуі мүмкін. Сондықтан, Еуропаның индустриалды, либералдық, зайырлы мәдениеті мен сексуалды революциясы Шығыс халықтарының бойында ксенофобия мен діни сезік, күнәліден аулақ жүруге тырысушылық сезімдерін тудырады. И. Гердердің айтып отырған «Кез-келген ұлттың өзіне тән ерекшеліктері бар. Сондықтан, бір ұлттың жасанды (индустриалды мәдениеттің этикасы, түрлі субмәдениет стильдері) ережелерге бағынуы, жат халықтың тарихи тәжірибесін қайталауға ұмтылуы оны іштен ірітіп, ыдыратып жіберуі мүмкін деген пікірі шындығында да нақты өмірде жоғарыдағы себептермен болуы мүмкін. Яғни, Шығыс халықтары өзінің ұлттық дүниетанымына араласа бастаған Батыстағы тұтынушы индустриалды қоғамның мәдениеті мен сексуалды революциясының ықпалын өз еліне кіргізбеуге, аластауға тырысады. Осындай жағдайда бабасының сенім-нанымын, ғұрыптарын айырбастаған адам «мунафиқ», «сатқын» немесе «мәңгүрт» аталады. Шығыс этностарының сана-сезіміне ұлттың азаматтық концепциясының сәйкес келмейтіні осыдан.

Шығыс халықтары ұлтты примордиалистік тұрғыда түсінетін менталитеттерінен бас тартпаса да, конструктивистік тұжырымдаманың пайдалы жақтарының бар екенін мойындаулары қажет. Өйтпеген жағдайда, әсіре ұлтшылдық пен фундаменталистік догмаларға ұрынған халық міндетті түрде жаһанданудың ұлттық егемендікті әлсіретуіне қарсылық көрсетіп, жабық жүйеге, ұлттық диктатураға ұмтылуы мүмкін. Сондықтан, Шығыс мемлекеттерінің азаматтары өзінің ішкі ұлттық-діни мәдени мазмұнын өзгертпесе де «бостандық», «теңдік», «махаббат», «бейбітшілік» сияқты жалпы адамзаттық құндылықтарды бойларына сіңіруге тиіс. Ұлттың конструктивистік тұжырымдамасына негізделген менталитетті бойына сіңіру менталитеті «примордиалистік» халықтар үшін қиын шаруа. Әсіресе, ислам елдерінің азаматтарына діни ксенофобиядан құтылу кәдік дүние. Діни фанатизмге ұшырамаған қазақ халқына да өзіндік «примордиалистік» менталитетінен арылу оңайға тимейді. Өйткені, қазақтардың ұлттық дүниетанымында примордиалистік тұжырымға сай келетін сенім-нанымдар, әдет-ғұрыптар мол. Топырақтан жұғатын мінезден, батырлық дәстүрден бастап, ата-баба сүйегі мен ана сүті арқылы даритын тектілік, рулық шежіренің әсері, қаншылдық, туысқандық ұғымы қазақ менталитетінің мызғымас салттары іспетті. Оның үстіне қазақ халқының тарихы кісінің көңілін босататын тауқыметке толы. Мұның қазақы ділін күшейтпесе, әлсіретпейтіні белгілі.

Қазір әлемдік экономиканың талаптарына өз экономикасын сәйкестендіру үшін Шығыс Еуропа елдері мен ТМД мемлекеттері, кейбір ислам елдері саяси жағынан өзара жақындасып, өзара тиімді келісімдерге отырып жатыр. Өзара тиімді деген есеппен бір келісімге біріккен мемлекеттер мойындарына экономикалық, саяси міндеткерліктер алып

отыр. Және жаһандану дәуіріндегі мемлекетаралық қатынастар халықаралық терроризм, есірткі саудасы, босқындар проблемасы, жасырын қару сату т.б. мәселелермен шиеленісе түсті. Бұл қауіптермен күресуде де мемлекеттер бір-біріне тәуелді. Осы жағдайда мемлекеттердің өзара деген сенім талаптары, бірігіп қимылдауға деген мұқтаждықтары артты. Өзара сенім шараларын өңдеп шығаруға, ендігі заман өзара қарым-қатынаста осы сенім шараларына сүйенуге ынталы мемлекеттер күн санап көбейіп келеді. Осы қажеттілікті аңдап, Азия мемлекеттері арасындағы сенім шараларын нығайту бастамасын Қазақстан (СВМДА) көтеріп отыр. Бұған еңбек бөлінісінен туатын еларалық экономикалық кооперация талаптары мен тауарларын өткізу үшін ортақ рыноктік кеңістіктерге бірігуді қосамыз. Осының барлығы жиылғанда мемлекеттік биліктің ядросы – ұлттық егемендік толық жойылып кетпесе де, біршама дәрежеде әлсірейді.

Шығыс елдерінің көпшілігінің экологиялық һәм экономикалық сауатсыздығы, өз ішінде тұрақтылықты сақтауға қабілетсіздігі, әсіре ұлтшылдықпен аймақтық қауіпсіздікке қатер төндіруі адамзат тағдырына алаңдап отырған ірі елдерді ақыл-кеңес айтуға, тіпті болмаса дамушы елдердің ішкі ісіне араласуға, сауда-саттық арқылы, саяси-экономикалық тетіктер арқылы ықпал етуге мәжбүрлейді. Экологиялық сауаттылықты көтеріп, діни фанатизмнен арылу, ішкі тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін дамушы елдердің халқының менталитеті, дүниетанымы, рухани ахуалы өзгеруі керек. Дамушы елдердегі демократияның орнауын Батыс Еуропа мен АҚШ-тың қадағалауы үш түрлі мемлекет моделін туғызды. Бірінші, нақты-саяси модельдегі мемлекет. Бұлар Шығыстың теократиялық елдері. Бірақ, бұлардың жабық мемлекеттілікті сақтап қалу мүмкіндігі жаһандану процесі тереңдеген азая түсетін сияқты. Ерекшеліктері: егемендікті негізгі фактор деп түсінеді. Адам құқы бұл елдерде мемлекеттік сот жүйесінің шаруасы. Халықаралық және үкіметтік емес ұйымдар кеңес берушінің қызметін ғана атқара алады. Екінші, мемлекеттің интернационалдық моделі. Мұнда адам құқын қорғауда мемлекет басты роль атқарады. Дегенмен, мемлекет басшылыққа адам құқының халықаралық стандарттарын алады. Мысалға, БҰҰ адам құқын қорғау комиссиясының Қытайға қарағанда Канадаға ықпалы көп. Үшінші модель - космополиттік мемлекет. Космополиттік модельді жақтайтындар барлық мемлекеттерде БҰҰ-ның адам құқын қорғайтын институттары орналасуы қажет деп санайды. Қазір, саяси режимі демократиялық принциптерге сәйкес келмейтін елдерге дүниежүзілік қауымдастық тарапынан, болмаса АҚШ пен Еуропа комиссиясы тарапынан ескертулар айтылып, саяси қысым жасалады. Тіпті экономикалық блокада тәсіліне дейін қолданылады. Бір жағынан бұған теократиялық ислам елдеріндегі халық менталитеті де кінәлі. Бәлкім бұл елдердің азаматтары өздерінің құқықтары бұзылып жатыр деп ойламайтын да шығар. Бәлкім, діни фундаментализм ықпалына түскен көпшілікке керегінің өзі сол теократиялық жүйе болуы ықтимал. Яғни, бұл жерде экономикалық немесе жалпы адамзаттық мүдделермен қатар өркениеттердің мәдени қайшылығы да бар. Сондықтан, жаһандану процесі капиталистік индустриалды қоғамның, Еуропа өркениетінің, қала берді ұлттың азаматтық тұжырымының жер бетіне таралуының көрінісі сияқты. Қазір, Шығыс елдеріне трансұлттық корпорациялардың, әлемдік қаржы рыногінің, түрлі саяси комиссиялардың қысымының, халықтың рухани-интеллектуалды потенциалының әлсіреуінің кесірінен Батыстың оларға қойған талаптарының бірқатары орындалмай келеді. Дамушы елдердің түгелге жуығы қазір өздерінің халқын баспанамен, азық-түлікпен, кәсіби біліммен қамтамасыз ете алмайды, жұрттың денсаулығын жақсартуға мүмкіндіктері аз. Кенже қалған елдердің барлығының да қарыздарын қайтарып, бюджет тапшылығын жоюға жағдайлары жоқ. Дамушы елдердің түгелге жуығы өз экономикасының инфрақұрылымын жаңартуға шамасы келмейді. Көптеген Азия, Африка, Күнгей Америка елдері өз іштеріндегі билікке күш, қару қолдану арқылы ықпал етуге тырысатын топтарды ауыздықтауға құзырлары жетпей жатыр. Қазір әлемдегі барлық мемлекеттер ақшаның, жұмыс күшінің, материалды және рухани құндылықтардың ел аралық қозғалысын қадағалай алмайды. Осындай әлеуметтік қиыншылықтардан бұл елдер әлемдік нарықтың кез-келген түкпірін қадағалап отырған Батыс өркениетінің ықпалымен, өзара тиімді жағдайда ынтымақтаса отырып қана шыға алады. Егер дамушы елдер Батыс

корпорацияларына және мамандарына есікті айқара ашпаса әлемдік нарық постиндустриалды мемлекеттерге ғана қызмет етуі мүмкін.

Дегенмен, Батыс елдерінің өздері де алдыңғы бөлімде айтып өткендей проблемасыз емес. Олардың ең басты қиыншылығы - қол еңбегін білім мен капиталдың алмастыруы. Еңбек рыногінен босап қалған адамдар өздерінің әлеуметтік қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмау қатері бар. Еуропа Одағы елдері соңғы 20 жылда 50-70 пайызға байыды. Экономиканың өсу қарқыны халық санының өсімін он орайтын жағдайда болды. Бірақ, сонда да Еуропа Одағы елдерінде бүгінде 20 миллион жұмыссыздар, 15 миллион кедей адамдар, 5 миллион үйсіз-күйсіз кезбелер бар. АҚШ-та соңғы жылдары жиылған байлық бүкіл халықтың 10-ақ пайызының арасында бөлінген. Бұл 10 пайыз адамдар байлықтың 96 пайызын жамбасқа басқанда, қалған ел 4 пайызын місе тұтқан. Еуропада да жағдай осындай. Мысалға, Германияда 2009 жылдан бері кәсіпорындардың түсімі 90 пайызға өскен, бірақ жалақы 6 пайызға ғана көбейді. Осыған қарамастан адамдардың жеке пайдасынан, яғни айлығынан алынатын салық екі есеге өсті, ірі корпорациялардың төлейтін салықтары керісінше азайды. Және ірі концерндер дамушы елдерге көшіп жатыр. Олар ол жақта да салықты төмен мөлшерде төлейді. Нәтижесінде дамыған елдерде де, дамушы елдерде де шағын және орта бизнес пен табысы әлі көбеймей келе жатқан жеке адамдар трансұлттық корпорациялардың мүддесіне ыңғайланып құрылған тиімсіз салық жүйесінің салмағына жаншылып, болашақта да ауыр салықты төлеп отыра бермек. Ал, жаңағы әлемдік рынок барлық жағдайын жасап берген ірі концерндер байлыққа кенеле бермек. Құдды бір тарихтың әжуа-тәлкегіне ұқсайтын мынадай жүйе қалыптасып келеді: жаһандану процесінде ұтылатын қарапайым халық сол мемлекеттің барлық әлеуметтік қызметіне керекті қаражатты мол салық төлеу арқылы беріп отыр. Ал, жаһанданудың тетіктерін пайдаланып байып жатқан ірі корпорациялар демократияның, яғни халыққа қызмет көрсететін мемлекеттің қоржынына қаражат салмайтын болды. Өте бай концерннің менеджерлері, мысалға, салықты аз салатын Үндістанға офистерін көшіріп, бірақ баласын халық берген салық арқылы жұмыс істейтін Еуропа университеттерінде оқытады. Бұл бала күтімі мен дамуына қыруар қаражат кететін қымбат театрларға барады, таза көшелер мен саябақтарда жүреді, жақсы жабдықталған аудиторияларда білім алады. Ал, сол саябақтар мен театрды мемлекетке салық төлеу арқылы қаржыландырып отырғандар - табысы көбеймейтін, тіпті қол еңбегін капитал мен технология алмастырған соң жұмыссыз қалып, кедейленіп бара жатқан қарапайым халық, қатардағы азаматтар. Шығыс елдерінде де осы жағдай орнап келеді. Онсыз да дамымай жатқан отандық өндіріс салықтың астында жаншылып отыр да, өзінің мүддесін ғана ойлайтын трансұлттық қаржы ұйымдары мен шетелдік ірі корпорациялар аз мөлшерде салық төлеп отыр. Осының кесірінен мемлекеттер өздерінің әлеуметтік қызметтерін толық атқара алмайтын, халықтың әжептәуір бөлігі, 20-30 пайызы еңбексіз, жұмыссыз қалатын заманға жақындап келеміз.

Дамушы елдерде халықтың әлеуметтік жағдайының нашарлап, рухани-интеллектуалдық тұрғыда құлдырауы мәдени-этникалық жікшілдікке ұласып, қарулы қақтығыстарға шиеленісуде. Осы жағдайда кенже қалған елдердің алдында жаһанданудың саяси-экономикалық талаптарына (демократия, ашық қоғам принциптерін қабылдау) бейімделумен қатар, оның антиәлеуметтік мәдени ықпалымен күресу, бейбітшілік құндылықтарын анықтау, сол символдар мен құндылықтарды жұрт санасына сіңіру, яғни өз халықтарының мәдени бірлігін нығайту міндеті тұр. Ендігі заманда бұл мемлекеттердің толыққанды егеменді елге айналуы олардың осы міндеттерді шешуіне байланысты болып тұр. Егер дамушы мемлекеттер аталған міндеттерді дұрыс атқара алмаса, саяси еркі, экономикалық дербестігі жоқ, егемендігі күмәнді құрылымдарға айналады. Және бұл процесстің тамыры тереңге кететін түрі бар. Біз дамушы елдердің өзінің саяси тұрақтылығы мен егемендігін сақтау үшін жаһанданудың талаптарына бейімделе отырып, қандай қимылдарға баруы керектігі жөніндегі стратегиялық сұрақтарға жауап іздемейміз. Біз тақырыпқа қатысты - Қазақстанның көп ұлтты халқының мәдени тұтастығын жаһандану жағдайында сақтау, ұлтаралық өркениеттік қайшылықтар мен қақтығыстарға жол бермеудің амалдарын қарастырамыз. Сол амалдарды анықтау барысында біз осыған дейін анықталған

жаһандану үрдісінің заңдылықтары мен ұлт ұғымының конструктивистік және примордиалистік концепцияларына сүйенеміз.

Бақылау сұрақтары

1. Ақпараттық үдеріс принципі мен мәдени-әлеуметтік динамика.
2. Шығармашылықты тұлғаның мәдени әлеуетінің өлшемі ретінде сипаттап беріңіз.
3. Тұлғаның ұлттық құндылықтар әлемі дегеніміз не?
4. Жеке адамның жалпы құндылықтарының өзегі дегеніміз не және ол адамның мәдени дамуында қандай рөл атқарады?
5. Индивид пен қоғамның құндылықтары бір бірімен қандай қатынаста?
6. Тұлғаның, топтың, дәуірдің ділі дегеніміз не және ол құндылықтық бағдардан несімен ерекшеленеді?

1.4. Жаһандану процесі және мәдениеттің жаһандануы

Табиғатынан жаһандану процесі адамзаттың бейбітшілікте, үйлесімділікте дамуға кепіл болатын процесс болып табылады. Бірақ, белгілі бір саяси күштер жаһандану процесін өз мүддесі үшін пайдаланады. Нәтижесінде, жаһандану екі Әлем (Шығыс және Батыс Әлемдері) арасындағы алшақтықты және өркениеттік-мәдени қақтығыстарды одан сайын күшейте түседі. Жаһандану – бұл мемлекеттер, мемлекеттік ұйымдардың, ұлттық және этникалық бірлестіктердің мәдени, идеологиялық және экономикалық интеграцияның жалпы және көп қырлы процесі.

Мынадай пікір бар, яғни «мәдени жаһандану табиғи процесс емес, керісінше, жасанды дүние, ал жаһандық экономикалық процестер ұлттық мәдениет құқығын шектейтін процесс».

Жаһандану заманында әрбір жеке этностың мәдени өзіндік болмысын сақтап қалу, оны одан әрі дамыту өзекті мәселе боып табылады. Идентификация (лат. *Identificare* теңдестіру немесе сәйкестендіру) ұқсастық белгілеріне сүйене отырып, әр түрлі нысандарды сәйкестендіруді анықтайды.

Американдық мәдениеттанушы Дж. Томлинсонның «Жаһандану және мәдениет» деген мақаласында, қазіргі уақытта мәдени тәжірибе мен территориялды контекст арасында байланыстың үзілуі жалпы көрініс тапты делінді. Мұндай тәжірибенің «теңсіздік табиғатын бірінші және үшінші Әлем қоғамдарында көруге болады. Жаһандану процесінде мәдениеттің құрылымдық-жүйелік ролі жергілікті әрекеттеріндегі мәдениеттілік деңгейінің жаһанды нәтижелерімен айқындалады. Бұл жерде әлеуметтік белсенділік белгісінің рефлексивтілігі туралы әңгіме болып отыр. Мәдениет дәстүрлі түрде оның «локалдылығы туралы идеямен тығыз байланысты және осы концепция негізінде біздің «мәдениеттің түсінуімізге жаһандану процесі тікелей ықпал етеді. Жаһандану бір жақты процесс, яғни белгілі бір территория шекарасын бұзатын процесс емес. Жаһандану процесі кезінде жаһанды процестерге локалды (жергілікті) процесс құрылымы өз ықпалын тигізеді.

Ұлттық ерекшеліктерді сақтау мәдениеті әлемнің көптеген халықтармен өзарақатынаста байи түседі. Жеке тұлғаның еркіндігі, әлеуметтік бірігудің жоғары деңгейлігі, әлеуметтік теңдік және т.б. – бұлардың барлығы қандай да болмасын аз санды халықтың өмірге деген қабілеттілігін қамтамасыз ететін және ұлттық талпыныстар мен мақсаттарды жүзеге асыратын негізгі құндылықтар.

Әрбір мәдениеттің негізінде құндылықтар жүйесі жатады. Құндылықта әрқашанда жүйеленген мақсат-мүдделер және оларға қол жеткізетін жолдар немесе құралдар болады. Олар фундаменталды нормалардың ролін атқарады, сондай-ақ, бұл нормалар қоғамның бірлігін қамтамасыз етеді және өмірлік маңызы бар жағдайларда адам баласына қоғам принциптеріне сәйкес келетін дұрыс шешім табуға көмектеседі.

Құндылықтар өмір сапасының әлеуметтік индикатор қызметін атқарады, ал құндылықтар жүйесі мәдениеттің ішкі өзегін, қажеттіліктердің, индивидтер мен әлеуметтік қауымдастықтардың мүдделерінің рухани квинэссенциясын (өзектің нағыз өзегін) құрайды.

Ұлттық мәдениеттер мәселелері, олардың мән-мағыналары және құндылықтары, олардың өзарабайланыстары жаһандану ерекшеліктерімен және мазмұнымен тығыз байланысты.

Жаһандану ұғымы философиялық-мәдени интегративті (*интеграция* – біртұтастыққа әкелу) концепция болып табылады. Бұл концепция адамзат дамуының қазіргі кезеңінде әлемдік тарих пен мәдениеттің прогресс үрдісін көрсетеді. Қазіргі қоғам қазіргі таңдағы жаһандық мәселелерді шешу барысындағы мәдени плюрализмді қажет ететін тұтас және өзара байланысқан әлем болып табылады. Бұл жағдайда белгілі бір ерекшеліктерге ие әрбір жеке өркениеттердің және олардың арасындағы айырмашылықтарды жою мүмкін емес екенін сезіне де көре отырып, әлемдік өркениет бірлестігі туралы тезис жалған концепция болып табылмайды деген қорытындыға келуге болады. Қазіргі әлемді тек европоцентристік, рационалды және батыстық көзқарас тұрғысынан қарау Қазіргі Уақыт кезеңінің талабына және жаһандық көзқарасқа сәйкес келмейді.

Жаһандану, шын мәнісінде, Әлемнің тұтастығын, өзара байланыстылығын, өзара тәуелділігін және интегралдылығын қалыптастыру және бекіту принципі болып табылады. Бұл, сонымен қатар, – сапалы деңгейлер мен жаһанды кезеңдерді көрсететін күрделі процесс және күй.

Жаһандану (латын тілінде «globus» – шар) қазіргі әлемнің барлық салаларының және экономикалық және саясидан бастап әлеуметтік және мәдениге дейін, топтық, таптықтан бастап ұлттық, мемлекеттікке дейін өзарақатынастарды қамтиды.

«Жаһандану» (*орыс тілінде «глобализация», ағылшын тілінде «globalization»*) терминін алғаш рет 1983 жылы американдық экономисі Т.Левитт «Harvard Business Review» журналында ұсынған болатын. Ол жаһандануды трансұлттық корпорациялардың жеке-жеке өнімдер нарығының бір арнада қосылу феномені деп түсіндірді. Жаһандану процесі және жаһандану заман уақыты белгілі бір кеңістікте – жаһандану кеңістігінде өз функцияларын атқарады. Яғни, белгілі бір процесстің-қозғалыстың жүретін белгілі бір кеңістігі болады, сондай-ақ уақыттың да өзінің алып отырған кеңістігі бар.

Жаһандану процесін екі жағдаймен қарастыру:

1. Жаһандану әр түрлі мемлекеттер мен халықтар, адам баласының ғылыми және технологиялық мүмкіндіктерінің өзарабайланысы, өзара әрекет етуі және өзара тәуелділігінің артуымен байланысты қазіргі өркениеттің объективті үрдісі;

2. Жаһандану өркениетті дамудың неолибералдық модель негізінде көптүрлі мәдениеттер мен дәстүрлерді унификациялайды, яғни жаһандану процесін қазіргі өркениетке әкелетін қауіп-қатер деп қабылдау.

Жаһандану сөзінің тарихына байланысты деректер келтірілді. Ал жаһандану терминін көпшілікке кең таратқан жапондық ғалым К. Омэ («Шекарасыз Әлем» 1990 жылы) болатын.

Жаһанданудың тастаған үндеуі мен ықпалын бүгінгі күні Қазақстан да тартып отыр. Біздің қоғамымыздың алдында ұлттық мемлекетті орнықтырумен байланысты модерндеушілік міндеттер тұр. Алайда оның жағдайы Қазақстанның ұлттық-мемлекеттік құрылыс міндетін де, дамыған еуропалық мемлекеттер біртіндеп шешкен демократияны қалыптастыру міндетін де бір мезгілде шешуі тиіс қатаң «сығымдалған» уақытқа тап келуімен шиеленісе түсті.

Қазақстан, ТМД-ның өзге де елдері сияқты Еуропаның жүз жыл бұрын өткен жолын қайталап жүруге мәжбүр болды және еуропалықтар бүгінде ұмытып үлгірген ұлттық-мемлекеттік бірегейлік мәселелерін шешуі тиіс болып отыр.

Міне сондықтан әлемдік жаһандану жағдайында ұлттық-мемлекеттік түзілімдердің мазмұны мен дамуы бірінші орындағы мәселе болып отыр.

Жаһандану феноменін талдау мен бағалау тәсілінде екі интеллектуалды және эмоционалды қарама-қарсы ұстаным мен көптеген гибридті қосарлы ұстанымдар белгіленді.

Мұның бір полюсінде жаһанданудан жаңа типті өркениеттің, яғни біртұтас экономикалық, саяси-құқықтық, ақпараттық-коммуникативтік, ағартушылық кеңістігімен, гомогенді, космополиттік мәдениеттің біртұтас құндылықтарымен, трансұлттық саяси таппен және азаматтық қоғаммен сипатталатын өркениеттің жаңа типінің қалыптасуының игілікті үдерісін көретін тұжырымдамалар орналасқан. Бір сөзбен айтқанда, бұлар «біз» және «олар» арасындағы ажыратушы сызатты жойып жіберетін өркениетті көреді.

Бұл үдеріс, әрине, ұлттық институттардың мәніне, функцияларына, құрылымдарына, институттарына әсерін тигізеді. Жаңа ақпараттық технологиялар мен коммуникацияның компьютерлік тораптары мемлекеттік адамдар арасындағы ымыраластырушы рөлін төменге түсіріп жіберетініне күмән жоқ. Жаһанданудың, әлемдік нарықтың нақты қалыптасуының салдары трансұлттық азаматтық қоғамның пайда болуы болып табылады және мұның барысында дәстүрлі мемлекеттік-саяси функцияларды барған сайын халықаралық ұйымдар, ғаламдық трансұлттық корпорациялар атқара бастайды. Капиталдардың, тауарлардың, ақпараттың, мәдениет бейнелерінің, идеялардың ағымы үшін ұлттық шекаралар бұлдырлана түседі және тіпті қазіргі еуропалық қауымдастықтағы сияқты номиналды, рәміздік кейіпке ғана ие болады. Әлеуметтік үдерістердің мейлінше үлкен көлемі мемлекеттік институттардың бақылауының астынан шығып кетеді. Мемлекеттік егемендік «жойылып бара жатқан кіші шамаға» айналады (Миттеран).

Ұлттық мемлекеттердің, оның ішінде Қазақстанның саяси өзіндік бекітілуінің даму сценарийлерінің кез-келген барысында, ол жаһандық өзара тәуелділік жағдайында жүзеге асады. Әлемдік экономика бір бүтін тұтастыққа интеграцияланады. «Өзара тәуелді экономика мен жаһандық экономиканың арасындағы айырмашылық – сапалы» /5/. Ғаламдастырылған әлемдік нарық біртұтас мемлекет нарығының құрылымына ие болады. Мұндай интеграцияланған нарықтық кеңістікте партикуляризм аяусыз жазаланады. Ұлттық экономикалық саясат серіктестер мен бәсекелестердің мүдделерімен сәйкестікке келтірілуі тиіс. Іс жүзінде мемлекеттің саяси және экономикалық ұйымдасуының батыстық үлгілері болып табылатын «әмбебаптылық» барған сайын тиімділік пен баламасыздыққа ие болады. Ұлттық мемлекеттер өз территориясында егеменділігін сақтағанымен, трансұлттық сауда-қаржылық және өндірістік тораптардың жағдайындағы экономиканы ұлтсыздандыру нақтылыққа айналады. Және тек осы факторды ескергенде ғана реурстар шынайы бағаланып, стратегия анықталып, үлгілер таңдала алады және ұлттық-мемлекеттік құрылыстардың сценарийлері есептеліне алады.

Ең алдымен жаһандану үдерістерінің мемлекеттіліктің әртүрлі типтерін бекіту феноменін талдау қажет. Тәуелсіз егеменді мемлекеттердің вестфальдік жүйесі жаңа әлемдік тәртіптің сілтеуіндегі бағыт бойынша трансформациялануда. Әлемнің біржақтылығы мемлекетаралық қатынастардың жаңа ережесін түйідейтіні күмәнсіз тәрізді. Кондолиза Райстың сөзіне сенсек, АҚШ «өзін әртүрлі халықаралық конвенцияларға тәуелділікке әкеліп тіремеуі керек». Батыс-европалық мемлекеттерге келсек, керісінше, өздерінің қатынастарын көпқырлы келісімдердің сансыз мөлшерінің негізінде құрады және өзге елдерге деген сыртқы саяси бағдарын соларды сақтау өлшеміне қарай анықтайды. Мемлекеттердің көп тобы, оның ішінде Қазақстан халықаралық келісімдерге іріктеп қосылу саясатын жүргізеді.

Жаһандық әлемнің сатылы, көпдеңгейлі халықаралық тәртібін бейнелейтін бұл айырмашылықтар үстірт беткейде жатыр. Егер 1648 жылдың өзінде Вестфаль келісімімен жарияланған мемлекеттердің теңдігі мен егемендігі принципін жаңа әлемдік тәртіптің бұзу үдерістерінің астарына келер болсақ, онда бұл жерде әлеуметтік ойшылдар мен саяси сарапшылар мейлінше алуан түрлі түсіндірмелік кестелер мен үлгілерді ұсынады. Солардың бірі – ТМД елдерінің, оның ішінде Қазақстанның ұлттық мемлекеттіктерін дамыту келешектеріне қатысты барынша шарасыз және сасқалақтандыратыны А.С. Панариннің ұсынған жаһандану тұжырымдамасы.

Ресейлік автордың келтірген дәлелдерінің қысқаша мәні төмендегіге саяды. Жаһанданудың жасырын, эзотериялық қыры барлық жергілікті мүдделерді, адамгершілік нормалары мен кодекстерді, құндылықтарды, дәстүрлерді біртіндеп ығыстырып шығару

ұстанымымен сипатталады. Оның үстіне жаһандану дәуірінің экономикалық, саяси, интеллектуалдық элиталары жершілдіктің ең адуынды тасымалдаушысы ретінде ұлттық мемлекеттің өзін теріске шығарады. Бүгінгі күні элита болу және өзінді элита ретінде жүзеге асыру өзінді ұлттық мүдделерден және ұлттық мұң-шерден тәуелсіз қойып ұстауынды білдіреді. Демократияның классикалық түсінігі халықтың саяси егемендігі принципімен ажырамас байланыста. Ғаламдастырудың саясаттануы саяси шешімдер қабылдаудың субъектілері мен биліктің нақты орталықтары ұлттық электораттың емес, ұлттан жоғары экономикалық және саяси құрылымдардың корпоративтік мүдделерін білдіреді деп ұйғарады. Ғаламдастырудың өлшемдері бойынша көпшілік саясатты сайлаушылардың тапсырмаларын орындау ретінде түсіну саяси архаикадан басқаша бағалана алмайды. Ғаламдастыруды халықпен санаспай элитаның интернационалдандырылуы деп анықтауға болады. Жаһанданған әлем артықшылықтары бар элитарлық әлем болып табылады және мұның үстіне элитаның жаһандық кеңістігі халықтардың ұлттық мемлекеттерінің кеңістігін қайта пішудің есебінен сатылып алынады.

Ғаламшарлық ауқымда ашық қоғам үлгісін іске асыру ресурстардың шектен тыс жұмылдырылуын және осы ресурстардың «жаһанданудың жүлдегерлерінің» пайдасына бөлінуіне қарсы тұру қабілетін жоғалтқан ұлттық егеменділіктердің әліздігін білдіреді. Ірі ұлттық-мемлекеттік түзілімдер әлі де болса ғаламдық әлемнің шынайы қожайындарына қарсы тұра алатын жеткілікті деңгейде қуатты потенциалға ие болғандықтан, ғаламдастырудың идеологтары өздеріне одақтас ретінде тайпалық архаиканың, этносеператизмнің және ұлттық мемлекеттердің біртұтас кеңістігін бұзуға бағытталған өзге де қозғалыстардың белсенділерін тартып алады.

Мемлекеттік егеменділіктердің құнсыздану тетігін А.С. Панарин КСРО-ның демонтажы және онан кейінгі оқиғалар тізбегі арқылы ашады. Билеуші элитаның ұлттық мүдделерден алшақтауы Ресейде анағұрлым таза және ашық күйінде көрінеді. Классикалық әлеуметтік-саяси теория элитаның қызметін өз халқымен, олардың сұраныстарын ескерумен байланыстырады. Бұл тұрғыдан алғанда бүгінгі элитаның әлеуметтік және экономикалық саясаты абсурдтың театрындай көрінеді: бұл саясаттың басты құрбандары дәл осы постиндустриалдық екпіннің беткеуастарлары (аванпосттары) болып шықты. Ресейде анағұрлым тез жылдамдықпен және тоқтаусыз тізбекпен ғылымға бейім өндірістер жойылды, ғылымға, мәдениетке, білім беруге деген мемлекеттік ассигнованиелер қысқартылды. Жаһандану үдерістерінің ұлттық-мемлекеттік құрылысқа ықпал етуінің анықтаушы үрдістері төмендегі негізгі бағыттарда дамиды.

1. Ұлттық экономиканың жаңа әлемдік тәртіпке, ғаламдық экономиканың нақтылықтарына бейімделуі ұлттық шекаралардың өшірілуіне және басқару, бақылау мен жоспарлау саласындағы мемлекеттік прерогативасының экспоненциалды құлауына әкеледі. Сонымен бір уақытта анағұрлым дамыған елдер өздерінің дербес ұлттық мүдделерін көздеу рахатына батады, тәуелсіз ұлттық стратегия құрудың кең шоғырына және жеткілікті мүмкіндігіне ие болады. Экономикасы қуатты мемлекеттердің өкіметтері өздерінің бақылауынан тыс ғаламдық экономикалық үдерістердің тікелей бағыныштылығының қол астына түсіп қалуға мүмкіндік бермейді. Дамыған елдердің экономикасы басым түрде ішкі рынокқа бағдарланғанын ескере кету қажет. Мысалы, АҚШ-да, Жапония мен ЕО елдерінде ҰІӨ-нің тек 12%-ы ғана экспортқа шығарылады. Оның үстіне ТҰК-ң космополиттігі туралы тезистің көпе-көрінеу бүркеме екендігі анық. Тіпті ірі трансұлттық корпорациялардың өздері айқын ұлттық реңге ие және белгілі бір мемлекеттерге емеуірін танытып отырады. «Нарықтың көрінбейтін қолы» мүлдем өз-өзінен, ұлттық өкіметтердің бақылауы мен реттеуіненсіз әрекет етпейді.

2. Жаһандану мәдени-өркениеттік өзіндік бірегейліктің жаңа, күрделіленген типін, өз бойына дәстүрлі этномәдени құндылықтардың тартымдылығы мен модерндеудің космополиттік құндылықтарының пәрменділігін үйлесімді түрде немесе, ең болмағанда, қақтығыссыз күйінде араластыра енгізетін топтық етенелілікті іздестіру мәселесін көлденеңінен қойды.

Жаһандану идеологтарының либералдық-демократиялық фразеологиясына қарамастан, жаһандану үдерістері үшін қандай да бір елдің саяси режимі, сөздің қатаң мағынасында, немқұрайлы күйінде қалады. Бұл қатынастағы жалғыз маңызды нәрсе – бұл қолайлы инвестициялық климат, шектен тыс табыс табу мақсатында жаппай капитал құюдың құқықтық қамтамасыз етілуі. Бұл шарттар орындалмаған жағдайда жергілікті өкіметтердің заңдылығы қысқа ғана мерзімнің ішінде девальвациялануы, тіпті оның ішінде, әскери күшті тікелей қолданудың көмегімен жойылуы да мүмкін. Ұлттық-мемлекеттік құрылыстың міндеттеріне қатысты бұл үдерістердің тұрақсыздандырушы қуаты айдан анық.

3. Классикалық гуманистік және ағартушылық әлеуметтік-саяси ой өзіне жер бетінің барлық ұлттары, халықтары, мемлекеттері үшін әлемдік дамудың біртұтас тарихи келешегін, біртұтас жобасын даярлау міндетін қойып еді. Жаһандану, оның ішінде трансұлттық телекоммуникациялық тораптардың, қаржылық ағымдардың дамуы, технологиялық жаңашылдықтармен алмасу және т.б. әлемдік теңсіздікті жойған жоқ, керісінше күшейтті, байлық пен кедейліктің, күштілік пен әлсіздіктің, орталық пен шеткерінің диспропорциясын ұлғайтты. БҰҰ-ң ресми статистикасының кейбір мәліметтерін келтіре кетейік. Соңғы 15 жылда АҚШ тұрғындарының экономикалық қкаты мен тұрмыс жағдайының таң қалатындай өсуі барысында, Батыс Европа мен Шығыс Азияның дамыған елдері экономикасының қалыпты өсуі барысында жүзден астам елдердің жан басына шаққандағы кірісі төмендеді, ал 60-қа жуық елдерде тұтыну деңгейі бәсеңдеді. АҚШ-да тойып тамақ ішудің (күпті болудың) салдарларымен күреске жыл сайын 100 млрд. доллардан астам шығын жұмсалады. Сонымен бір мезгілде жер бетінің жартысына жуық тұрғындары тойып тамақ ішпейді, ал 1,2 млрд. адам ашаршылық күй кешуде. Жыл сайын жер шарында 5 млн. бала өлім құшып жатыр. Ғаламшар тұрғындарының «алтын миллиард» елдерінде өмір сүретін бестен бір бөлігіне әлемдік ішкі өнімнің 86 %-ы тиесілі, сол мезгілде планетаның төменгі жиырма бес пайызына 1%-ы ғана тура келіп отыр. 1,3 млрд. астам адам күніне 1 доллар жұмсап қана өмір сүреді. Көріп отырғанымыздай, әлем елдері мен халықтарының басым бөлігі үшін жаһандану, қазіргі заманғы саяси лексиканың қысыр тілімен айтқанда, «гуманитарлық апат» әкеліп отыр. Жаһандастырудың баламасын жаһандану үдерістерінің өз ішінен, яғни имманенттік сын шеңберінен іздестіру керек. Ұлттық мемлекеттер үшін мейлінше деструктивті болып келетін жаһанданудың даму сценарийлерінің іске асырылу мүмкіндігін мүлдем есептен шығарып тастамай, әлемдік тәртіптің вестфальдық жүйесінің өз потенциалын сарқи қоймағанын мойындаған жөн. Ұлттық мемлекеттер өз-өзін түзетудің, жаңа геосаяси және әлеуметтік-экономикалық нақтылықтарға епті бейімделудің формаларының, туындаған мәселелерді өркениетті жолмен шешудің орасан зор нұсқаларына ие болып табылады. Жаһандық тәртіп, әлемдегі барлық басқалары сияқты, баламалы нұсқалар мен сценарийлерге ие; біздің адамзаттық абыройымыз солардың ішіндегі ең гумандысын және ең әділеттісін мүмкіндігінше ұстап қалумен сипатталады .

Бақылау сұрақтары

1. Мәдениет дағдарыстары болмай қоймайтын нәрсе не?
2. Мәдени өзгерістердің қандай түрлерін білесіздер?
3. Мәдениет динамикасының эволюциялық концепциясының мәні неде?
4. «Ғаламдық эволюционизм» өркениет болашағы жайында.
5. Генетикалық және мәдени информация: шешілмеген сұрақтар.
6. Мәдени-әлеуметтік динамиканың толқындық және кезеңділік модельдері.

2. Тарау. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАҒАНДАНУ ҮРДІСТЕРІНІҢ БАҒЫТТАРЫ МЕН ФОРМАЛАРЫ

2.1. Қазіргі қазақ мәдениетіндегі жаһандану үрдістерінің кейбір бағыттары

Қазіргі уақыт кезеңін жаһандану кезеңі деп атайды. Жаһандану процесі туралы бірқатар бір-біріне қарама-қайшы келетін ой-пікірлер бар. Мысалы, жаһандану процесі батыстық немесе американдық сипатқа ие ХХ ғасырдың 50-60-шы жылдары басталған процесс деп бірқатар американдық, еуропалық, ресейлік және қазақстандық ғалымдар ой-пікірлер айтады. Яғни олардың түсіндіруінше, жаһандану процесін тудырған саяси, экономикалық және мәдени күш – бұл Америка Құрама Штаттары және Батыс Еуропа. АҚШ және Батыс Еуропа саясаты бойынша бүкіл Әлемге өз билігін жүргізу үшін өз елдерінің саяси институт жүйелерінің жетістіктерін, экономикалық-әлеуметтік тұрақтылығын және мәдениет салаларының (ән-би, кино туындылары, т.б.) ерекшеліктерін дүние жүзіне тарата бастады және дәріптеді. Кино туындылары, деректі фильмдер, тамаша ән-би туындылары, яғни бұқаралық мәдениет туындылары арқылы Екі Дүниежүзілік соғысты бастарынан кешірген немесе сезінген халықтар, мемлекеттер, топтар, қоғам және қарапайым адам баласы сол жеңіл де көңілді, мәнді де сәнді өмір сүру әдет-ғұрпын бойына, ойына сіңіріп, сол бағыт бойынша өмір сүре бастауға талпынды. Нәтижесінде, мәдени, саяси, экономикалық-әлеуметтік маргинал болып шықты деуге болады. Яғни, «не анда жоқ, не мұнда жоқ», сөйтіп өмірдің тығырығына келді немесе келеді. Бұның өзі мемлекет, ұлт, этнос, қоғам және адам баласының қайталанбас және өзгелерге ұқсамайтын ерекшеліктерді жоғалтуға апаратыны сөзсіз. Бірдей болу немесе қайталанушылық рухани және материалды дамудың негізі бола алмайды және бұл өмірдің қатаң да әділетті сұрыптау процесі – диалектикалық заңға қарама-қарсы процесс.

С. Хантингтон өзінің аты шулы «Өркениеттер қақтығысы» (2003) деген еңбегінде мынадай ой-пікір айтқандай болатын, яғни, «жалпы, ұлт болған жерде ұлттық идея болады». Менің өзімнің пікірімше (бұл кітаптың да мазмұнында бар), ұлт болу үшін үш үлкен ұлттың тірегі бар. Бірінші – ұлттың жері, екінші – ұлттың тілі, үшінші – ұлттың мәдениеті. Бұл мәдениетке мен дінді де қосамын. Дін сенім емес, дін – мәдениет. Сондықтан осы үш тірек мықты болса, ұлт жұтылып кетпейді. Ұлттық идеяны осы үш маңызды қырынан қарап, осы мәдени, рухани жағынан ұлтқа күш беретін факторлар осылар.

«Еуразия» бұл – ХХІ ғасырдың идеясы. Ал, жаһандану заманында еуразиялық ықпалдасудың болашағы зор. Бұл идеяны сынаушылар да барлығын еске салған Елбасы, үш нәрсе – еуразиялық экономикалық қоғамдастық, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес Еуразия болашағын қамтамасыз ететін құрамдас ұйымдар екенін айтты. Болашақта осы ұйымдар бірлесіп, үлкен еуразиялық идея мен еуразиялық құрлықтың тұтастығы жеңіп шығады. Бұл идеяға рухани және ғылыми база қажет. Бұл ғылыми негіз – Еуразия ұлттық университеті болуы керек. Ал, елордамыз Астана – Еуразияның жүрегі бола алады, деді Елбасы. Елбасының пікірінше, жаһандану ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігіне аса жоғары талаптар қойып отыр. Сондықтан бүгінде еліміздің бәсекеге қабілеттілігі ғаламдық экономика мен саясаттағы ықпалды тұжырымдардың бірі болып саналады. Ал, жаһандану заманында бәсекеге қабілетті болу үшін ғылым мен білімді, жаңа технологияларды дамыту қажет. Соған орай, алдағы 35 жылда мемлекетімізді дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосу үшін біз ғылым мен білімнің, технологияның ғаламдық дамуын мүлт жібермей қадағалап отыруымыз керек.

Кез келген ұлттың тек мәдениеттің арқасында ғана ұлт болып қала алатыны баршаға белгілі. Әсіресе, жаһандану дәуірінде. Экономика саласындағы жаһандану – бұл халықаралық экономикалық қарым-қатынастардың жаңа түрі. Экономикалық жаһандану процесі тауар, капитал, коммерциялық қызметтердің және сонымен қатар, өндіріс процестерінің тұтас жаһанды нарықтың қалыптасуымен және өз еліндегі мен Әлемнің түкпір-түкпіріндегі өндірістерді басқаратын трансұлтты корпорациялардың пайда болуымен байланысты.

2.2. Жаһандану және мәдени бірегейлену мәселелері

Қазіргі әлем өз дамуының жаңа кезеңіне енді. Осындай тұжырымның негіздері көз алдымызда: біз әлемдік қауымдастықтың геосаяси құрылымдарындағы терең өзгерістердің куәгері болып отырмыз. Экономикалық, әлеуметтік-саяси, мәдени жүйелердің ақпараттық-коммуникациялық революциялардың ықпалы мен трансформациялануы барған сайын үдеп барады. Халықаралық байланыстар мен қатынастардың кеңеюі және тереңдеуі, жер шарының нақтылы бір нүктесінде немесе бір аймағында болып жатқан оқиғалардың, барлық басқа халықтар мен елдердің тіршілігіне әсер ететіндігіне әкеледі, яғни бұл оқиғалар жалпы әлемдік, жаһандық сипатқа ие бола алады. Бүкіл адамзаттың ортақ мәселелері бола бастап, қоғамның мәселелері жеке мемлекет шектерінен шығады. Ақпараттық қоғамды құру, жаһанданудың әсерлерін басқару мәселелері оларды сезіну, түсіндіру және тиімді түрде шешу мүмкіндіктері үшін дәстүрлі емес ұстындарды белсенді іздеуді талап етеді. Басты мәселелердің қатарында мойындалғандары: Жердегі ауа-райының өзгеруі, дәстүрлі этикалық бастаулардың жоғалуы, халықаралық жүйенің тиімсіздігі. Жаһанданудың теріс жақтарына қоғамның ашықтығы мен коммуникацияларын озық технологиялары Жер шарының тұрғындарын терроризм, нашақорлық, қылмыс, індеттер, этникалық және нәсілшілдік жанжалдардың таралуы алдында қорғаусыз қалдыруы да жатады.

Өзінің материалдық қорларын барынша пайдалу жолына түскен, өркениеттің дамуымен байланысты мәселеге – дағдарыстар мәселесі жатады:

- тұлға мен қоғамның табиғаттан жаттануы, онымен барған сайын сирек қатынаста болуы;

- экологиялық дағдарыстар: өндіріс қалдықтарымен ластану, пайдалы қазбалардың таусылуы, тұщы су қорларының азаюы, атмосфераның ластануы, топырақ эрозиясы. Экологиялық дағдарыс өркениет өмірінің түпнегізді қайнарларына қиратушы әсерін тигізеді. Шым-шытырақ жағдай қалыптасып келеді;

- тіршілікті қамтамасыз ету мәдениеті тіршілік қорларын жегідей жейді;

- ақпараттың шамадан тыс өндірілуі. Ақпараттық өріс әсіреленген және жиі ретте рационалды түрде қолданыла алмайды;

- қирату құралы – әскери потенциалдың шамадан тыс артуы және жетілуі.

Жаһанданудың басқа қыры – ол алып келетін жағымды құндылықтар. Бұлар:

- қоғамның ашықтығы тіршілік қалыптарының жоғарылуына, экологиялық бұлдірулердің баяулауына, жалпы гүлденуге себепші бола алады;

- ашық нарық жаңа жұмыс орындарын ашады, табысты молайтады, жаңа технологияларды таратады;

- әлемдік экономикамен бірігу өзімен бірге жаңа технологиялар мен идеяларды ала жүреді, халықаралық сауданы дамытады, инфляцияны жұмсартады, инновацияларды жеделдетеді;

- ашықтық адамдық факторға инвестицияларды ұйғарады: білім беруге, денсаулықты сақтауға, инфрақұрылымға;

- өзгерістер билікті саяси және экономикалық реформаларды жүргізуге мәжбүрлейді;

- электрондық сауда, ақпаратқа сүйенетін «жаңа экономика» адамдардың басты қор бола бастайтынын көрсетеді. Теңдік идеясы әрбір адамның өзіндік құндылығымен ауыстырылды, әрбір адамның мүмкіндігін дамыту міндеті қойылды;

- сепаратизм мен діни экстремизмге қарсы әрекеттену мүмкіндігі.

Қазақстан Республикасының әлемдік қауымдастыққа енгенін көрсететін айшықты мысалға біздің еліміздің 1993 жылдан бастап Дүниежүзілік экономикалық форумның әр жыл сайын өтетін бас қосуларының тұрақты мүшесі болып табылатындығы жатады. 2000 жылдың сәуірінде Орталық Азияда Алматы қаласында Еуразиялық саммит өткізілді.

Еуразиялық саммитті өткізу идеясы, дүниежүзілік экономикаға олардың жылдам интеграциялануын және аймақтың дамуы үшін шетелдік инвестицияларды тартуға бағытталған, Орталық Азия мен Кавказ елдері үшін ортақ ұстындарды жасап шығару

мұқтаждығын түсінуден шықты. Орталық Азия мен Кавказдың рөлінің арта түсуі, оның ХХІ ғасырдағы даму нобайларын анықтау мен өзара пайдалы сауда-қаржылық және инвестициялық ынтымақтастықтың жаңа формаларын іздеу қажеттілігі, олармен бүгін Орталық Азия мен Кавказ елдері нарықтық экономика мен азаматтық қоғамды қалыптастыру жолында кездесетін мәселелерге сай, оның басты тақырыбы «Жаңа мыңжылдықтағы аймақтың орны мен рөлі» болып табылатын, осындай саммитке ерекше маңыздылық береді.

Алматыда 2002 жылы, онда Орталық Азия мен басқа елдердің мемлекет және үкімет басшылары, ал сонымен бірге халықаралық ұжымдардың, дүниежүзілік ірі компаниялар мен банкілердің жетекшілері қатысқан, екінші Еуразиялық саммит өтті. Оның ресми аталуы – «Тұрақсыз уақыттағы орнықты өсуді қамтамасыз ету».

Қазақстан Дүниежүзілік экономикалық форуммен ынтымақтастықты дамытуға үлкен мән береді және Еуразиялық саммитті Давос клубының дәстүрлері мен талаптарына сай жүргізуге күш салады.

Қазақстан Давос клубының мүшелерімен аймақтық форумдарды өткізуге кездейсоқ таңдалып алынған жоқ, өйткені ол оңтайлы геосаяси жайға ие. Қазақстан – Еуразияның күре тамыры; оның үстіне, дүниежүзілік қауымдастықтың назарын елде көмір сутегі шикі заттарының орасан зор қорының барлығы, трансқұрылықтық көлік қатынасын дамыту мүмкіндіктері, Батыс пен Шығыстың арасындағы сауда-экономикалық, коммуникациялық, ғылыми-техникалық және мәдени байланыстар мүмкіндіктері аударды.

Қазіргі әлемде әрбір елдегі ішкі процестер мен дүниежүзілік сахнадағы жаңа құбылыстардың өзара әсері барған сайын күшейіп келеді. Соңғы уақытта жалпықамтушы жаһандану ішкі және сыртқа саясаттың арасындағы қырды өшіріп келеді, бұл ең алдымен дүниежүзілік жаһандық ағымдармен және процестермен қаржылық, әлеуметтік, экономикалық және басқа да салаларда анықталады. Бұл шұғыл және кенеттен келген қаржы дағдарыстарының әлемнің тұтас аймақтарында жақсы тұрмыс халы мен тіпті әлеуметтік және саяси тұрақтылықтың тамырына балта шаба алатынын білдіреді. Осындай жағдайларда мемлекет әлсірей бастайды, билік пен үкіметтік емес ұйымдардың қызу араласуы іске асады. Бір мезгілде қоғамдық пікірдің рөлі артады. Осының нәтижесінде әлеуметтік-саяси процестер барған сайын қоғамдық қысымға ұшырайды.

Жаһандану замандық әлеуметтік, мәдени дамуға күшті толқу береді және адамзат сол мәселелермен танысқаны кеше емес. Еске түсіретін бір нәрсе, бұл мәдени және әлеуметтік үндестердің интеграциялық бастамасын дамыту сияқты жаһанданулық тенденция, ХХ ғасырдың соңғы төртінші ширегінде екпінмен ашылғанымен бірақ та адамзат олармен кемі екі жүз жыл бұрын істес болған. Сол немесе басқа формада адамзат байланысты қалыптастыруға және өзара байланыс үрдісін жалғастыруға ұмтылды. Жаһандану өзінің қалыптасу үрдісінде мәдени әлеуметтік мықты дамуға айтарлықтай тұрақсыз сілкініс берді. Жаһанданудың уақыттық және кеңейіп ашылып “жетілуі” мәдени әлеуметтік үрдіс ретінде бізге оны тек өткен және алдағы жағдайды салыстыру жолы арқылы ғана бағалауға мүмкіндік беріп қоймайды, сонымен қатар жаһанданудың жалпы даму үрдісінің қыр-сырын толыққанды зерттеуге мүмкіндік береді. Ойлаудың сабақтас принциптері біздің алдымызға алтернативті негізді шешуші жағдайдағы жолмен шешпей, шын жағдайдың жолын салыстыруға мүмкіндік береді. Қаншалықты синергетика дамудың қайталанбас терең мәнін түсінуге, оның тарихи ретроспективтік және перспективтік шарттарын көрсеткенімен, ол көп нұсқалық пен алтернативтілікке алып келеді.

Күш арқылы мәдени әлеуметтік үндестіру бағыты өзгеруінің ықпалымен мәдени дамуының кездейсоқ сипаттамасы жүйе ретінде өршіте түседі. Олар ауыспалылық флуктуацияның өзіне тән жолымен стимулятор ретінде болған кездегі жағдайда пайда болды, яғни әртүрлі ұқсастықты күшейтеді, сезімталдықтың бастамасын өзгертеді жүйелердің эволюциясының толық дискретті көмегін тудыртады. Тұрақсыздыққа байланысты, флуктуация күшейе түседі. Бұрынғы жүйенің құрылымын ол қозғалысқа келтіретін және оны өтпелі кезеңнен шығаратын болады. Дәл сол уақытта мәдениеттің алдында басқа аумаққа өту үшін жолды таңдаудың ауқымды бейнесі ашылады. Аңғаратын

бір нәрсе дамудың жобасында бір-бірінен мүдделі өзгеше болуы мүмкін және жаһандану үстінде көрсетілген немесе басқа мәдениеттің мақсатының мүмкіншілігі, тек қана кеңейіп қоймай, сонымен қатар тарылуы да ықтимал.

Көрсетілген амал бойынша, тұрақсыз жүйенің фундаменталды әрекетінің принципі эволюция және инволюция кезеңінің оқтын-оқтын ауысуына негізделген, оны өрістету және бәсеңдету, бәсеңдіктің тоқырауына алып келетіндігін көрсетеді, үдемелі үрдістің орнына басылу, әлсіреу, интеграцияның және тоқыраудың, дезинтеграцияның, сонымен бірге бөлшектік құлдыраудың орталыққа үйлесу кезеңі дәл келуі мүмкін. Сондықтан жаһандану үрдісінің интеграциялық доминанты – ақпараттық-коммуникативті технологиясының үдемелі дамуы ел арасы және өркениеттілік өзара әрекеттестіктің кеңеюі, экономикалық қаржы аумағын халықаралықтандыру - дифференциация және диверсификация тенденциясының пайда болуын ығыстырып қана қоймай, сонымен қатар оларды шиеленістіре түседі. Сәйкесінше әлемдегі мәдениеттің өзара әрекеттестік үрдістері, оларда дәл айтылмайтын адамдармен мүлдем анықтала алмайтын, зерттеудегі әртүрлі аттракторлармен өткізіледі.

Интеграция және дифференциацияның әр бағыттағы тенденциясын, бірге тіршілік етуін қосатын, жаһандану үрдісінің қайшылықты табиғаты, әртүрлі деңгейде көрініс табады, жаһандық және локальдық - көрсетілген екі жақтылық толықтырушылық принципі бойынша бірге өмір сүреді, тұтастықтың күрделі формасы ретінде қарастырылуы мүмкін. Мұнымен өркениетті үрдістер екі бағыттылықты көрсетеді: өзіндік этномәдениетті сақтау және үйлестіру тенденциясын дамыту. Өзара қатынастың күрделі жүйесіне енуі этномәдени идентификациясының жаңа синтетикалық формасының қалыптасуына алып келетін мақсат халықтардың өзара тәуелділігінің және әлемдегі мәдениеттің өсуі, олардың мәдени және әлеуметтік егемендігімен бірге өмір сүреді. Қарама-қарсы жағдайда ақпараттық ұялардың дамуы арқылы мәдениеттердің бір типінің құндылығын басқалардан жоғары бағаланып, экономикалық халықаралықтандыру және басқа жолдардың формасының таралуы мен өмір сүру тәсілдері барлық әлемдік бірлестіктерге байланып тұрады, шын мәнінде этномәдени әртүрліліктің төмендеуіне және ұқсастығына алып келуі мүмкін. Жаһандану үрдістеріне енуде әрбір мәдениет және әрбір этнос өз әдісін және өз ырғағын жасап шығарады. Өзін жалпы әлеуметтік ретінде сақтаудың жергілікті мәдени өзіндік ерекшелігін келесі мәселенің шешушісі ретінде интеграциялық белсенділік және ашық жағдайда бейімделу болып табылады. Әйтсе де ертелі кеш пе барлық халық немесе мәдениет жаһандық ақпараттық технологиялық бағытының ықпалында қалады.

Қандайда болмасын мәдени процесс рационалды реконструкцияға тәуелді болуы мүмкін. Бұл мәселеге осы тұрғыдан қарау – мәдени типтердің ауысуының тарихи тізбегін, локальды мәдениеттер арасындағы өзара байланыс механизмдерін модельдеуге мүмкіндік береді. Мәдениетті саясат пен экономика қатарында жалпы әлеуметтік реттеу бөлшегі ретінде тану, біздің ойымызша, қазіргі замандағы болып жатқан процестерді зерттеуде маңызды орын алуы керек. Қазіргі заман адам қоғамының динамикалық табиғаты туралы, оның тұрақтылық пен дәстүрлікпен сәйкестену мүмкіндіктері және қатаң өндірістік пен әлеуметтік технологиялар өз қауіп-қатерін туғызып отырған адам, өмір сүруі шарттарының сақталуы туралы түсініктерге ие болуы керек. Трансформациялық процестер қоғамдық санада айтарлықтай өзгертулер туғызып, бұрынғы мемлекет пен қоғам рөлі туралы ойларды өзгертеді.

Құндылықтардың жаңа қалыптары мен үлгілерін қалыптастыру мәселелері, адам іс-әрекеті мотивациясының өзгеруі, әлеуметтік еңjarлық пен тоғышар көзқарастарды қарастыру саяси және экономикалық қайта құрылудан күрделірек мәселе болып табылады. Осы тұрғыда, реформациялардың материалдық аспекті – экономикалық тәртіп мақсат болып табылатын, Қазақстанды қоса, кейінгі кеңестік елдерде бастысы өмір сүру деңгейін көтеру болып табылады.

Адекватты рухани факторлармен қатаң белгіленген қағамдық тоқырау арқылы жылдам модернизациялау нәтежесінде қоғамның тұрмыстық және саяси іс-әрекетіндегі

өзгерістер керекті мәдени маңыз бен қоғамдық мойындауға жете алмайды. Қоғамдық жүйе өзіндік тарихи даму жолын таңдаған жағдайда ғана ол өз өмір сүруінің әлеуметтік-психологиялық көрсеткіштерін қалыптастырады. Сезімдік кеңімәтінде қабылданған идея адамның тәжірибелік өзін-өзі ұстауын қалыптастыратын жекелік мотивация қызметіне ие болады. Мәдениетті сақтау реанимациясы, тұрақтандыру тетіктері мәселелері қайшылықты түрдегі Қазақстан Республикасындағы модернизаторлық және трансформациялық процестер кезеңдерінің бастапқы міндеттері болып табылады .

Бақылау сұрақтары

1. Жаһанданудың шектері бар ма?
2. Жаһандану рухани ұлттық мәдениетке қандай әсер етеді?
3. Жаһандану және қарсыжаһандану дегеніміз не?
4. Қазақ мәдениеті жаһандануға қалай төтеп бере алады?

2.3. Бұқаралық мәдениет өрісіндегі қазақстандық өркениет

Жаһанданудың тағы бір сипаты - бұқаралық мәдениет пен ұлттың рухани мәдениетінің қақтығысы. Бұл жерде басы ашық мәселе ретінде бұқаралық мәдениеттің ұлттық сипаты жоқ екенін айту керек. Дамушы елдерде көбінесе осы бұқаралық мәдениетке қарсылық белгілі бір мемлекетке қарсылыққа, белгілі бір ұлтты жек көрушілікке ұласып жатады. Сексуалды ұстамсыздық, содан шығып жататын отбасы проблемалары, дүниеқоңыздық сияқты жағымсыз қылықтар белгілі бір ұлттардың этникалық қасиеттері емес екені анық. Қазір, жергілікті мәдениеттердің менталитеті де капитализм заңдылықтарына бағына бастады. 1970-ші – 80-ші жылдарға дейін нарықтық экономиканы дамытпаған Шығыс Еуропаның социалистік мемлекеттері, Ресей, Үндістан, Қытай, бұрынғы КСРО елдері, Азияның күнгей шығысы мен Африка мемлекеттері де қазір нарыққа бейімделе бастады. Нарық ұлттық мәдениеттің ішкі заңдылықтарын өзгертетін өте ықпалды фактор. Өйткені, нарық - фундаментальді, яғни қоғам өмірінің барлық саласын қамтитын тотальді құбылыс. Осындай нарықтық фундаментализм жағдайында ұлттық мәдениеттің бірте-бірте әдепсіз бұқаралық мәдениетке айналуы мүмкін. Себебі, нарықтық экономикалы мемлекеттерде ұлттық мәдениет туындылары да халық тарапынан болатын сұранысқа байланысты жазыла бастады. Ал, көпшілік тарапынан сұранысқа ие болатын мәдени туындылар көбінесе имандылық, ар-ождан талаптарына сәйкес келмеуі де мүмкін. Әсіресе, ақша табуға тырысқан шығармашыл бірлестіктер жастардың бойындағы сексуалды әуесқойлықты пайдаланады. Нарық жағдайында дәстүрлі қоғамдағы мұраттарды жырлайтын, таза ұлттық нақыштағы әдеби туынды, кино өнімі немесе театр қойылымы, газет-жорнал, ән-жыр ақырындап халық талғамынан, сұранысынан тыс қалып, өндірушілердің де назарынан кете бастайды. Психология қисыны бойынша жеке тұлғаға әлеуметтік бақылау әлсіресе, адам баласының бойындағы бейсана болмысы оның жүріс-тұрысын, санасын билеп алады. Зигмунд Фрейд адамның сексуалды бейсана болмысы (либидо) оның барлық әрекетіне қуат беріп тұрады деген. Яғни, дәстүрлі қоғамдағы жеке тұлғаның өміріне қойылатын қауымдық талаптар әлсіреген кезде, қоғамда құмарлықтың барлық түрін қанағаттандыру белең алады. Әрине, бұл дәстүрлі, аграрлы немесе көшпелі қоғамның өмірінде болмайтын құбылыс. Бірін-бірі танытын адамдар арасында тұрақты әлеуметтік қарым-қатынастар орнаған дәстүрлі қоғамның (мысалы, қазақ ауылдарында, орыстардың земстволарында) ұжымдық менталитеті талаптар адамдардың сексуалды құштарлығын, өзіншілдігін ауыздықтайды. Бұқаралық мәдениетке тән ұстамсыздық адамдар бірін-бірі танымайтын қала мәдениетінде, индустриалды қоғамда ғана дамиды. Адамдардың жүріс-тұрысы рухани тыйым-талаптардың шеңберінен шығып кетеді. Индустриалды қала қоғамында адамдар өздерінің интеллектуалды сұраныстарын сексуалды ұстамсыздық, затшылдық жағына бейімдеп қалыптастырады. Сондықтан, қазір ұлттық мәдениет туындыларының ішінде де

жұртшылықтың сұранысына сәйкес сексуалды ұстамсыздықты, қатыгездікті, затшылдық көзқарасты уағыздайтын, яғни тауар ретінде жұрттың назарын аударып, өзін-өзі ақтайтын туындылар, мысалға ұлттық театрдағы комедиялар, ұлттық нақыштағы балет-мюзикл, ұлттық тілде шығатын эротикалық газеттер, ұлттық дүниетанымға сәйкес келмейтін, бірақ сол елдің әртістері түсірген түрлі сериалдар көбейді. Нарыққа алдымен өткен және қоғамдық санасы секуляризацияға мейлінше ерте ұшыраған Еуропада рухани құлдырау тереңдей келе XX ғасырдың басындағы декаденс кезеңіне ұласты, 1960-шы – 70-ші жылдары бұл сексуалды революцияға асқынды. Десек те, нарықты Еуропа мәдениетінен шыққан, адамды рухани құлдыратып жіберетін Шығысқа жат құбылыс ретінде санауға болмайды. Мысалға, Жапония мен Қытайда нарыққа қарамастан ұлттық-этикалық нормалар сақталып келеді, отбасы құндылығы санаттан шыққан жоқ. Жалпы адамгершілік, отанға адалдық, үлгілі отбасын құру, арақ пен нашакорлықтан, пара алудан аулақ болу, жомарттық, әдептілік нарықтық елдерде де қазақ немесе ислам мәдениетіндегі моральдық өсиеттерден кем қадірленбейді. Сондықтан, ұлттық мәдениеттің қағидаларын кейбір елдерде өзгертіп жататын, кейбір елдерде керісінше орнықтырып жататын нарық пен демократияны бейтарап құбылыстар деп қараған да жөн. Ал, бұқаралық мәдениет дәл осы нарық пен демократиядан шығып жатыр деген қасаң түсінікпен ислам нормаларын елде күшпен заңдастырып, немесе ұлттың тазалығын сақтау үшін жабық қоғам құру қазіргі әлемдік нарық орнап жатқан тұста ұлтты әлеуметтік-экономикалық дағдарысқа зорлап көндіргенмен бірдей.

Демократиялық мемлекет құра отырып, халықтардың өз келбетін сақтауы – ұлттық мәдениеттердің қарулы қақтығысымен, біреуінің жеңуімен емес, азаматтардың адамның парасатымен ғана шешілетін мәселе. Рухани тазалық қай қоғамда болсын жоғары бағаланады. Дегенмен, нарық пен әсіре демократияның бұқаралық мәдениеттің жайылуына ептеп жағдай жасайтынын да ұмытпаған жөн.

Осындай жағдайда өмірдің балама нұсқасын, яғни ешқандай моральдық тыйымдарсыз, жеке адамның барлық қалауын қанағаттандыратын тұтынушы қоғамның «қызықтарын» әлемдік коммуникациялық жүйе (теледидар, видеотаспалар, интернет) арқылы күнделікті көре бастаған жастарға жаһанданудың мәдени ықпалы күшті болып отыр. Кей уақыт жастардың дамушы мемлекеттің (Қазақстанның) азаматы болғанына қорланатындары да білініп қалады. Советтік-атеистік модернизациядан кейін рухани құндылықтарды бұзудан көңілі селт етпейтін ұрпақтың интеллектуалды сұранысына ие болатын ұстамсыз фильмдерді елге толассыз тасу, сол фильмдерді көріп, ондағы мінез-құлық пен жүріс-тұрысты үлгі көріп, өз өмірлеріне енгізу жастардың мінезін, талғамы мен аңсарын, дүниетанымын қатты өзгертіп жатыр. Әсіресе, жастардың «рокерларға», «байкерларға», «буддисттерге», «хиппиге» еліктеуі, тіпті субмәдениет үлгілерін таңдамаған күнде рухани тыйым-талаптарға, адамгершілік құндылықтарына ескіліктің сарқыншағы деп қарауы демократиялық елдерде жұрт санасына бұқаралық мәдениеттің орнығып жатқанын білдіреді. Бұл бұқаралық мәдениет үлгілері сол айтылған интернет, теледидар, кинопрокат, CD, audio disk, MD, DVD сияқты ақпарат сақтау құралдары, жердің жасанды серіктері және басқа да хабар-ошар тарату технологиялары, саржағал газет-жорналдар арқылы адамдарды төрт құбыласынан қоршап алды.

Жаһанданудан туындайтын екінші бір жағдай – дамушы елдерде жастардың жаппай маргиналдануы. Бұл әлемнің оңтүстік бөлігіндегі тұрмыстың ауырлығынан да етек алып барады. 1997 жылғы социологтардың әлемдік форумында «адамзаттың ендігі қаупі – жаһандану процесінен бұрын маргиналдану процесі болуы мүмкін» деген қортынды жасалды. Маргинал – тұрмысы нашар және өзінің ұлттық мәдениетінен жеріген, сондықтан дүниетанымы, рухани құндылықтары қалыптаспаған адам. Адамзат өмірінде жоқшылықтың соңы қашанда рухани қайыршылыққа ұласып отырған. Жоқшылық басталған кезеңде ұлттың рухани құндылықтары да, интеллектуалдық ізденіс дәстүрлері жұрт жадынан көшіп, радикалды ұрандар алға шығады. Ал, жаһандану заманында әсіре ұлтшылдық пен діни догмадан айыға алмаған елдер саяси-экономикалық модернизацияға бара алмай, кедейленген үстіне қайыршылана түсуі мүмкін. Осы кезде ел ішін кеулейтін бұл маргиналданудың қаупі -

адамның сана сезімін әрі-сәрі, өтпелі күйде ұзақ ұстап тұратынында. Яғни, оның өмірге деген жүйелі көзқарастары, құндылықтары мен сенімдері, жүріс-тұрыс әдеттері нақты айқындалмайды. Маргиналдың ерекшелігі – бұқаралық мәдениет пен рухани құндылықтардың арасында айқын таңдау жасамауы. Мұндай адамдар бірде қоғаммен қақтығысқа түсіп, бірде рухани талаптарға бет бұрып, құбылған күйі күн кешеді. Сондықтан, маргиналдар белгілі бір идеологиялық ықпалға тез түседі. Осы ретте саясаттану теориясында мемлекетте орта тап қанша көп болса сонша мемлекеттің тұрақтылығы нығаяды деген тұжырым бар екенін айтамыз. Ал, әлеуметтік-экономикалық дағдарысты бастан кешіп жатқан мемлекеттерде маргиналдарды радикалды саяси партиялар мен діни экстремистік ұйымдар саяси мақсат-мүдделеріне пайдалануы ықтимал. Ұлттық дүниетаным мен рухани дәстүрлердің қажеттігі осы жағдайда туындайды. Яғни, әсіре партикулярлы сана-сезім мен әсіре ұлтшылдыққа берілмеген, бірақ ұлттың ғасырлар бойы өңдеп шығарған рухани талаптарын, туған елді сүюге үндеген парасатты пайымдарын игерген ұрпақ маргиналдану процесіне ұрынбайды және жаһанданудың экономикалық, технологиялық талаптарына да жауап беретін болады.

Біз капитализмді жаһанданудың қозғаушы қуаты ретінде белгілей келіп, бұл ғаламдық процесстің үш түрлі салдарын анықтадық. Бірі, әлемдік нарықтың қалыптасуы, ғаламдық қаржы жүйесіне дамушы мемлекеттердің тәуелді болуы. Екіншісі, технологиялық өндіріс пен электрониканың жаһандану процесінің қаңқасына, әлемдік нарықтың тұтастандырып тұратын торабына айналуы. Үшінші, бұқаралық және ұлттық мәдениет арасындағы қақтығыс. Бұл қақтығыстағы бұқаралық мәдениеттің үстемдігі. Бұқаралық мәдениеттің салауатты құндылықтарды жойып, маргиналдар қауымын көбейтуі, қоғамның әлеуметтік ұйымдасу (отбасы құндылығы, бейбітшілік идеологиясы) потенциалын әлсіретуі. Және осының салдарынан болатын жеке бас және ұлттық идентификацияның жойылуы. Жаһанданудың осы үш заңдылығын қорыта келгенде жаһандану процесінің негізгі салдары шығады. Ол – бес ғасыр бойы адамзат өмірінің сүйеніші, өркениет тарихының ең ұлы жемісі болған ұлттық мемлекеттің, ұлттық саяси егемендіктің маңызының төмендеуі. Ұлттық мемлекеттің осы кезге дейін атқарып келген саяси-әлеуметтік, экономикалық функцияларынан, қоғамдық өмір салаларын басқару, реттеу өкілеттіктерінен айрылуы. Ұлттық мәдениеттердің қамқоршысы болып келген мемлекет институтының әлеуметтік-саяси, экономикалық маңыздылығы төмендесе, ұлттардың да қайталанбас мәдени болмыстарының, дербес дүниетанымдарының сақталып қалуы екіталай. Ендігі заманда ұлттық мемлекет дербес үкіметі бар саяси құрылым ретінде сақталғанымен қоғам дамуында шешуші фактор болудан қалуы деген ғажап емес. Енді нарықтың заңдылықтарына, сауданың ортақ ережелеріне иек артқан түрлі аймақтық одақтар көбейе бермек. Келешекте ұлттық үкімет жаһандану талаптарына елдің ішкі өмірін бейімдеп, заң шығарып отыратын кезекші ғана болып қалады. Сөйтіп, жаһандану үрдісі оның талаптарымен келіссек те, келіспесек те біздің ғасырымыздың шындығы болып отыр. Адамзаттың бойында жаһандануды жеңетін, оның бетін қайтаратын күш-қуат әзірге білінбейді. Барлық мемлекеттер осы әлемдік ағыспен кетіп барады. Бұл ағыс – адамның жеке меншікті сүйетін табиғаты, осы жеке меншікке сүйенген нарықтық капитализм, сол капиталистік модернизация тудырған индустриалдық һәм постиндустриалдық қоғамдар. Осы уақытқа дейін өзінің «капиталистік табиғатын арқылы дамып келген адам баласы ендігі заманда да жеке меншіктен, табиғатты аяусыз пайдаланудан бас тарта алмайды. Сондықтан, жаһандану – кісі баласының пешенесіне жазылған тағдырлы құбылыс. Жаһанданудың келешекте жер бетіне кеңінен таралуына алғышарттар мен кепілдіктер төмендегідей:

- халықаралық сауданың жылдан жылға кеңеюі, әлемдік қаржы рыноктарының өзара байланысының күшеюі, трансұлттық концерндердің көбейіп, олардың қаржылай-экономикалық мүмкіндіктерінің артуы;
- ақпараттық, коммуникациялық революцияның қарқынды түрде жалғасуы;
- демократияның дүнияға одан ары таралуы;

- бұқаралық мәдениет өндірісінің (кинопрокат, компьютерлік клубтар, дискотека, арзан телесериалдар, поп музыка, кітап өндірісінің т.б.) ұлттық мемлекеттерде кең қанат жаюы;

- халықаралық саясатта трансұлттық акторлардың, яғни ұлттың егемендігін аттап өтіп, Үкімет үстінен үкім айта алатын ұйымдардың көбеюі (БҰҰ, ЕҚЫҰ, НАТО, ДСҰ, аймақтық интеграциялық ұйымдар т.б.);

- кедейлік, жоқшылықтың дамушы елдерді кеулеп, тұтас ұлттардың маргиналдану құбылысының етек алуы;

- ғаламдық экологиялық проблемалардың ушығуы;

- кедейліктің кесірінен қарулы қақтығыстардың көбеюі.

Адамзат жеке меншікті сүйетін табиғатын тастап, индустриалды қоғам ағысынан шығып кете алмайтынын жоғарыда айттық. Және мұның әзірге көзге көрініп, ойға білініп тұрған салдарлары – трансұлттық мемлекеттердің пайда болуы, яғни ұлттық мемлекеттердің жойылуы, ұлттық мемлекеттердің жойылуымен бірге ұлттардың, этностардың дербес мәдениетінің жойылуы.

Тәуелсіздік алу, қазақ мемлекеттілігін қайта жаңғырту, халықтың тарихына орасан зор қызығушылық туғызып отырғаны кездейсоқ емес, өйткені мемлекеттілікті қайтадан өрлету, мәдени қайта өрлеумен қатар жүреді. Алайда, бастапқы қайнар – бұлаққа қайтып оралу оңайда, жеңіл іс емес, өйткені Кеңес өкіметі жылдары дінмен, феодализмнің сарқыншағы ретінде ұлттық дәстүрлермен күрес (Наурызға тыйым салу т.б.) тоқтаусыз жүргізіліп отырылды, ұжымдастыру жылдары халық өзінің дәстүрлі тіршілікті қамтамасыз ету дәстүрлерінен күшпен қол үздіріп, зиялы қауымы құртылды, кейбір тақырыптарды қорғауға тыйым салынды, нәтижесінде қазақ мәдениеті бүтіндей бір жүйе ретінде өмір сүруден қалды.

Жүйені қалпына келтірмей қазақ тарихын, қазақ мәдениетін түсіну мүмкін емес. Соңғысын қалпына келтіру және түсіну, өз кезегінде дәстүрлі дүниетанымды құрайтын қандай да бір болмасын элементтерді түсінуге септігін тигізеді. Бұл бөлімше белгілі бір мәдениет тіліндегі дәстүрлі қазақ мәдениеті үлгісі негізінде кеңістік пен уақыттың рәміздік негіздеріне талдау жасауға арналған. Бұл кеңістіктің күрделілік дәрежесі бойынша басқа цивилизациялық мазмұндардың формаларынан айрықша құрылымы, жоғарғы семиотикалық толықтығы, терең мәндік мазмұны бар.

Азаматтық қоғамдағы діни институттардың рөлі, тек теориялық сипат алып қана қоймайды. Бұл әсіресе, өзіндік геосаяси жағдайы мен тарихы бар Қазақстан үлгісінде айқын көрінеді. Жоғарыда айтқан С. Хантингтонның концепциясы бойынша, Қазақстан үш өркениеттің (исламдық, конфуцийлік, православиялық) түйіскен тұсында орналасқан, сондықтан ірі жан-жалдар шығуы мүмкін зілзалалық сыну аймағында тұрғандығын есте ұстау керек. Бұл шыныда да солай. Алайда, екінші жағынан, Қазақстан территориясында әртүрлі этностардың, діндер мен мәдениеттердің қатар өмір сүруінің көпқасырлық тәжірибесі бар екенін есте ұстау қажет. Қазақстан халқының күрделі конфессионалдық құрамы этнократиялық және исламдық мемлекет құру идеясын жоққа шығарады. Сондықтан Қазақстанда демократиялық және азаматтық қоғам құру дінаралық диалог пен келісімді талап етеді.

Бақылау сұрақтары

1. Мемлекеттің нарықтық құрылымы мен бұқаралық мәдениет феномені қалайша және неліктен байланысты?
2. Жаһандану кезеңіндегі адамның ойлауының негізгі түрлерін атап беріңіз.
3. Архаизм және модернизм ұғымдарына сипаттама беріңіз.
4. Неліктен сұхбат жасампаз күш болып есептеледі?

2.4. Қазақстандағы рухани-мәдени саладағы жаһандану үрдістері

Қазақстанның тәуелсіздікке қолы жетуімен ресми экспансиялық метамәдени геноцидтік саясат тоқтатылды. Алайда мәңгірттену процесі осымен тоқтап қалған жоқ. «Өркениетті әлеммен танысу және мәдени ақпарат алмасудың аудиовизуалды жолдары

арқылы тұтынушылық мәдениет «үнсіз агрессиясын» іске асыруда. Бұл бұқаралық ағым ұлттық мәдениеттің қайта жандануына жол бермей, жезөкшелік, нашакорлық, маскүнемдік сияқты жат құбылыстарды санаға сіңіре отырып, мәнгүрттіктің қанат жаюына ықпал етуде.

Өз заңдылықтарын өмірге еңгізген нарықтың жолы болмағандарға қарсы жүргізген «мәдени репрессиясы» оларды қалыпты жолдардан тайдырып, қоғамда “бөлектену”, “азаматтық нигилизм”, “апатия” құбылыстарын тудырды, келеңсіз қылықтар мен қылмыс белең алды. Құндылықтардың қақтығысымен әлеуметтік төменгі ахуал «пауперлену», «люмпендену», «әлеуметтік-шизофрения» т.с.с. тосын жағдайларды үйреншікті нәрсеге айналдырды.

Ұлттық белгі дегенді тек экзотикаға, музейге айналдырып, тығып, әлемдік деңгейге шыққан – “американдану” деп, түсінетіндер, ұлттық нигилист, технократтар да бар. Әлемдік философияның өзі (батыс ойшылдарының жетекшілігінде) әлі өз шыңына жете қоймады, дүниежүзілік интеграция, жаһандану енді ғана жаңа басталды. Сондықтан Батыста өзінің рационализм, тіпті тұрпайы материализм, өзінің капиталистік даму үлгісін тек прогреске әкеледі деп оптимистік бағалау, Шығысқа менсінбей қарау, сол сияқты дін, мистика, парапсихология мәселелеріне “ертегі”, “кертартпалық”, “ортағасырлық” деп қарау кең тараған. Паровоз, телеграф ойлап шығарғанына, табиғатты, нақты (дүнияуи) ғылымдарды меңгергеніне мәз болып, Азия мен Африкаға “цивилизатормыз” деп кеуде керу болды. Ол кезде Батыс өзінің өркениетінің болашағы жоқ екенін, жер бетін экологиялық, рухани катастрофаға жетелейтін саяси, әлеуметтік жүйесінің осалды боп шыққанын әлі мойындамаған еді, О. Шпенглер, К. Ясперс, А. Тойнби әлі жоқ еді. Этикалық, нәсілдік фактордың санасуға тұрарлық екенін, адам және ұлт психикасы күрделі, ондай бейсаналық қабаттар бар екенін, дін мен мифология, мистика – әсіресе шығыс руханият дәстүрінде үлкен даналық бар екенін “цивилизатор” – Батыс әлі ашқан жоқ еді.

Қазіргі таңда қазақстандықтардың мәдени өзіндік тиесілік (самоидентификация) мәселесі өзінің күрделі де қарама-қарсылықты тұрпатымен ерекшеленеді. Біздің ойымызша оның төмендегідей алғышарттары бар:

- адамдардың саяси және экономикалық саладағы өзгерістерге сезімталдығы, әбден сіңіп кеткен тоталитарлық сананың үлкен инерттілігі;

- нарықтық қатынасқа көшудің салдарына ескі және жаңа құндылықтардың қақтығысы барысында ішкі бағдардың жоғалуы, дүниетанымдық вакуумның пайда болуы;

- республикадағы мәдени әртектіліктің жоғары деңгейі, тұрғылықты халықтардың полиэтникалық және поликонфессионалдық құрамы, әсіресе орыстар мен қазақтардан және мұсылмандар мен православтардан тұратын биэтникалық және биконфессионалдық құрылымның басымдылығы.

Мұның бәрі осы уақытқа дейін батыстың өркениет жетекшілігінің негізгі принциптерін қайта құруға әкеледі. Олардың бүкіл әлемге таралып отырған индустриалды универсалийлерінің ішіндегі негізгі өзгешеліктері төмендегідей сипатта:

1. Стандартизацияны алуан түргілікпен, плюрализммен алмастыру. Бұл тұтынушылыққа, саяси қалыпқа, діни өмірге, көркемдік талғамға, этникалық элементтердің ара-қатынасы, модаға, жанұяның формасына ықпалын тигізетін өндірістің жаңа типтерін өмірге әкеледі.

2. Тек өндіріс пен саясатта ғана емес, мәдениетте де құрылымдық және индустриалдық байланыстардың орталықсыздандырылу жетекші принципке айналды. Астаналардың үлестік салмағы «тума таланттардың дүниеге әкеліп қана қоймай өздеріне ғылыми орталықтар мен университеттерді де қалыптастыра алатын көптеген «перифериялық орталықтарға, тіпті бұрынғы «мылқау провинцияға» да қарай ойыса бастайды.

“Бұрынғы астаналар” (Париж, Рим, Лондон, Афины, Нью-Йорк және т.б.) жоғарғы беделі мен барлық мұражайлар, кітапханалар, картиналық галереялар, театрлар мен университеттерін сақтағанымен жаңа желілік және ғарыштық ақпарат жүйелері білімдерді, образдар мен рәміздерді қоғамның бүкіл рухани өрісіне тарата алады. Бұл ақпаратты, ал онан соң қоғамды басқаша құрылымға келтіретін рухани байланыстарға әкеледі.

3. Минимизация максимизациядан, немесе О. Тоффлердің тілімен айтқанда, «макрофилиядан» басым түседі. Бұрынғыдай өндірістің көлемі мен техникалық және тұрмыстық өмірдің сандық көрсеткіштерінің көлемі азаяды. Бөлшектердің дәлділігі өнімнің санын қысқартады.

4. Реттеу биліктері мен деңгейлерінің стандарттылығы мен тұрақтылығына негізделген қоғамның бұрынғы иерархиалануы мен бюрократиялану статусы құлап, оның орнына мақсатты және ахуалдық байланысқа негізделген уақытша құрылымдар мен байланысты полуфункционалды ұйымдар келеді. Қоғамның кеңінен ақпараттануы бұрынғы қоғамдық вертикальді бөліністі экономикалық, әлеуметтік, психикалық, көркемдік, медициналық және жыныстық мәселелерді шешуші дербес топтардың арасындағы өзара әрекеттің горизонтальды жағдайына әкеледі.

5. Стандарттық қоршаудан бұзылып, әр алуандылықтың қалыптасуы өндірістің, саясат пен мәдениеттің локальдық (жергілікті) ерекшеліктерін игеруіне жағдай жасайды. «Жаңа толқын» өркениеті діннің, мәдениеттің, экологияның қалыптасқан құрылымдарын біртұтас экономикалық үлгілердің пайдасына ауыстырмайды. Дәл осы принцип бұрынғы периферия мен әлсіз дамушы елдердің маңызды резервтерін қосуға мүмкіндік береді. Лидерді қуып жету барысындағы оның әдіс-тәсілдерін, құрылымы мен жетістігіне еліктеп, сапалы секіріс пен адам төзгісіз ауыр жолмен даму мақсатын алға қоюдан сақтандырады.

6. Индустриалдық қоғам дамуының алғышарты базистік салалар мен инфрақұрылымдарға (ресурстар, жолдар, транспорт, капиталдық жабдықтар) орасан зор қаржы мен құралдарды жұмсаумен сипатталса, ал жаңа жағдайларда, «адамдық капитал» маңызды мәнге ие болады, яғни қазіргі технологияларды, ең алдымен ақпараттың «интеллектуалды технологияларын» меңгерген дайын кадрлардың рөлі жоғарылайды.

Космополиттік көзқарастағылар келешекте ұлт болмайды. Бүкіл ұлттар бірігіп, бір ұлтқа айналады деген ойтұғырды басшылыққа алады. Дегенмен, бұл идеяның өмірге ешқандай қатысы жоқ қой. Қазір дүние этникалық негізде қайта құрылып жатыр. Келешек космополиттердің сызған сценарийі бойынша емес, мүлде басқаша бағытта дамыса ше? Жер үшін, шикізат үшін, байлық үшін талас-тартыс өршімесе, өшетін түрі жоқ. Демек, ұлттық қарама-қайшылықтар одан әрі өрши түсетін сияқты. Көз алдымызда күшті ұлт әлсіз ұлтты аяусыз қырып-жойып жатыр емес пе?

Осындай мәдени процестердің алдын алу үшін, бұқаралық мәдениеттің теріс әсерлерін кеміту мақсатында Қазақстан Республикасында көптеген шараларды жүзеге асырған жөн. Еліміздегі Мәдениеттану және өнертану ғылыми зерттеу институты осы мәселеге қатысты мәдени дамудың арнаулы тұжырымдамасын қабылдады. Оның кейбір қағидаларына назар аударайық.

Классикалық маңызы төмен, ұлттық болмыс пен психикаға кері әсерін тигізетін өнер мен музыкадағы өнімдер ағымына бақылау қою, оны жүзеге асыру аппараттарын жұмылдыру. Атап айтқанда:

- қала мен республикалық маңызы бар және облыстардағы атқарушы орган мен мәдениет институттарының бақылауын күшейту;
- сараптама және ақпараттар жинақтау бөлімін жетілдіру;
- ұлттық психология мен сана-сезімге кері факторларды болдырмаудың әкімшілік бөлімдерін жұмылдыру т.б.

Халықтың рухани және физиологиялық тұрғысынан дамуының бірден-бір мүмкіндігі өмір болмысын халық тағдырын бейнелейтін мәдени ошақтардың басты саласының бірі, театр мен кино өзінің бүгінгі қоғам өміріндегі орнынан қазіргі заман талабына сай ұлттық психология, тәрбие беру, эстетикалық құндылық сапасын төмендетіп алды. Оған басты себеп:

- шетелдік немесе батыстық кино мәдениеті: ашық порноөнімдер, афро-американдық поп музыкалар, эротикафильмдер, сана-сезім, мінез құлыққа кері әсер ететін қатігез киноөнімдер мен сериалдар;

- Қазақстандық театр және кино мекемелерінің халық назарын өзіне тартып аларлық туындыларының әлсіздігі;

- әртүрлі жат мәдениет үрдістерін насихаттайтын бейне таспалардың шектеусіз сауда рыногында таралуы;

- кино мәдени ошақтары – кинотеатрларды шетелдік фильмдерді жарнамалауы мен жаппай көрсетулері.

Бүгінгі таңдағы кітап дүкендері мен кітап сауда орталықтарындағы сатылымдағы кітап қорының 90 пайызы шетелдік кітаптарды құрайды. Музей кешендерінде экспозициялар мен ұлттық тарихи мұраларды сақтау мен дамыту әлі күнге дейін кеңестік идеология шеңберінде құрылған өлкетанушылық бағыттан әрі аса қойған жоқ. Осы факторларға сәйкес кітапхана мен музей ісіндегі қордаланып қалған мәселелерге мыналар жатады:

- ұлттық әдеби-мәдени көркем туындылар дағдарысы;

- қазақ тіліндегі қоғамдық ғылымдар әдебиетінің жеткіліксіздігі;

- кітапхана қызметіндегі ақпараттық және интернеттік каталогтар жүйесінің дамымауы;

- ғылыми сапасы төмен кітаптар қорының көбеюі;

- кітапханалардағы ұлттық кітап қор жинақтарының тапшылығы және қаржылай қолдаудың жеткіліксіздігі т.б.;

- музей мекемелерінде біліктік ғылыми мамандардың аздығы;

- осыдан келіп, музей ісі мен музейтану ғылыми-әдістемелік орталықтарының жоқтығы;

- музейлік жәдігерлерді, өнер туындыларын жинақтайтын қаржының жоқтығы және т.б.].

Мәдениет негізі мен этностық жады арқылы ұрпақтан ұрпаққа беріледі. Бүгінгі таңда, БАҚ арқылы жарияланатын материалдар мен ақпараттар шеттен тыс сипатқа ие болып отыр. БАҚ халықты, әсіресе жастарды мәдени-рухани басқа арнаға түсіруге себепші болып отыр. Қазақстандағы БАҚ жүйесіндегі телеарнаның үлесі – 90-95 пайыз. Ал мәдени-рухани институттары дамығын елдерде БАҚ-тың соның ішінде телерадионың үлес салмағы – 40-45 пайызды құрайды. Мәселен, Францияда француз тіліне аударылғанына қарамастан шетелдік материалдардың 15-20 пайыздан аспауы заң жүзінде белгіленген.

Қандай да бір ұлт мәдениетінің түп-тамыры тіл екенін ескерсек жоғарыда аталған және төменде аталмақ проблемалардың барлығында да тіл мәселесі кезек күттірмес өзектілігімен айқындалады.

БАҚ саласындағы және жарнама мен теле және көлік коммуникация саласындағы негізгі мәселер:

- баспа телерадио ақпараттары бойынша ашық түрде эротикалық суреттер «бәсекелерін, қатыгездік және қыру-жою сияқты психикаға кері әсер беретін фильмдер, поп музыкаларының таралуы;

- қазақ тіліндегі басылымдардан орыс және басқа тілдердегі басылымдардың 20-30 есе көптігі. Егер қазақ халқының ұлттық болмысының, тілінің басқа жерде қалыптаспайтындығын ескерсек, бұл процесті де тілдегі экспансия деп бағалауға болады.

- Қазақстанда БАҚ және интернеттік жүйе мәдени-руханият саласында анархиялық, жауапсыздықтың, талғамсыздықтың ордасына айналды;

- Қазақстан республикасындағы БАҚ мемлекетпен, ұлтпен мүдделес емес;

- жарнамалардағы қазақша мәтіндердің дұрыс жазылуы ескерілмеген, қала безендіру мәселесінде ұлттық нақыш пен қазақ тілінің халі мүшкіл;

- теле және коммуникация жүйесінде қазақ тілін қолданудың заңдық нормасы сақталынбаған (телефон байланысы, әуе, теміржол, авто бекеттерінде) т.б., ұлттық парк, демалыс орындары, қонақ үйлер қызметтері қазақы болмыс-бітімнен ада дерлік;

- мемлекеттік органдардың іс қағаз және құжаттарды ресімдеулері қазақ тілінде толықтай жүзеге асырылмаған.

Батыстық рухани экспанцияға төтеп берудегі маңызды мәселеге «орыстілді қазақтарған ұлттық рухты сіңіру жатады. Бұл топ қазақтың қалада өскен, өзінің ұлттық бастауларынан

тыс қалған, қазақ тілін білмейтін не нашар білетіндер тобы. Олар қазақтың тілін ғана түсінбейді емес, сондай-ақ қазақтың табиғатын да, ұлттық таным-түсінігін де білмейді.

Еуразиялық мәдениеттің ерекшеліктерін зерттеген ғалымдардың ішінен Л. Гумилевтің, Н. Бердяевтің, В. Соловьевтің есімдерін атап өткен жөн. Соңғы жылдары қазақстандық ғалымдар да еуразиялық менталитетті зерттеуде айтарлықтай табыстарға жетті (М. Хасанов, А. Хамидов, Н. Құрманбаева, М. Орынбеков, Ғарифолла Есім, Ғ. Ақмамбетов, Қ.Ш. Нұрланова, Н. Масанов, Д. Кішібеков, Т. Бурбаев).

Еуразиялық мәдени типтің менталитетін айқындау үшін шығыстық, батыстық және қазақи дүниетанымдар мен дүниелік қатынастардың ерекшеліктерін кестелік тәсілмен Т.Х. Ғабитов келтіреді:

<i>Шығыстық тип</i>	<i>Батыстық тип</i>	<i>Қазақы тип</i>
Микрокосм	Макрокосм	Жарық дүние
Виртуалдық	Рационалдық	Адамгершілік
Интросубъект	Субъект-объект	Субъект-объект
Біртұтас дүние	Өзгермелік дүние	Адамдандырылатын дүние
Психология	Технология	Экология
Мистика	Ғылым	Этика
Тұйық қоғам	Ашық қоғам	Сұхбаттастық қоғам
Өзін тану	Табиғатты тану	Адам болу
Дін	Философия	Дәстүр
Тағдыр	Белсенділік	Қарым-қатынас
Идеализм	Материализм	Синкретизм
Поэзия	Проза	Эпос
Егіншілік	Урбанистік	Қауымдық

Әрине, бұл типтік белгілерді сол күйінде эмпирикадан іздеу қателік болар. Идеалды тип белгілі бір нәрселік саланың идеалдық көрінісін жалпылау жолында емес, ал сол саладағы мәнді ой тұрғысынан мұрат дәрежесіне көтеру арқылы қалыптастырылады. Тағы бір ескеретін нәрсе: бұл кестені еуразиялық мәдени типтің болашақ потенциалын көрсету мақсатында келтірдік, ал мүмкіндіктің шындыққа айналуы диалектикалық процесс.

Тұжырымдап айтар болсақ, қазақтар арасында шешуші демографиялық фактор – тілдік ортаның тікелей ықпалымен өз ана тілін жоғалту енді ғана тоқталып, өз ана тіліне оралу үрдісі жаңа ғана күш ала бастады. Демографиялық ахуалымыздың жақсаруы оған тегеурінді ықпал көрсеткенімен, бұл үрдісті тағы да жылдамдату үшін өмірдің өз саласында (мысалы, бала тууды өсіруден бастап, оларды үйде тәрбиелеуден, мектепте оқытудан, еңбекке баулудан еліміздің мемлекеттік тілін әр салада ресми түрде қолдануға дейін) оған пәрменді жәрдем көрсету қажет. Былайша айтқанда, ананың тілін атаның күшімен (демографиямызбен) құлпырта аламыз (М. Тәтімов).

Өз тарихын, рухани мұраларын, құндылықтарын, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін келесі ұрпаққа таныту – ұлттың өзін-өзі сақтау инстинкті. Әсіресе, тарихи сананы қалыптастырудың орны ерекше. Өйткені, өткенімізді білмей келешекке қадам басуға болмайды. Ұлттық мүдені ұғынуда зиялы қауымның атқарар рөлі аса зор. Нақ солар бұқара, көпшілік санасына ұлттық мүддені жеткізуі, көрсетуі тиіс. Ұлттың өз мүддесін қорғай алуы – оның күштілігінің, өміршендігінің көрсеткіші. Оның адамзат тарихынан іс-түссіз жоғалып кетпеуінің кепілі. Мәселен, бұл жағынан бізге жапондардан, еврейлерден көп үлгі алуымызға болады. Қазіргі өзекті мәселенің бірі – ұлттық өзіндік болмысымызды, төлтума мәдениетімізді қалай сақтап қалу жайлы. Бізге азаматтық қоғам ба, әлде ұлттық қоғам құру керек пе? Қай жағы басым, приоритетті болуы керек. Қазақтар еуропалық және азиялық мәдениеттің күшті ықпалына ұшырап отыр. Осындай мәдени ағынның, тасқынның астында ұлттық белгімізді қалай сақтаймыз? Мәдени антропологтар әр индивидті нақ өзінің этникалық тобығындағы басқа да индивидтерімен біріктіретін ортақ белгілерді, ерекшеліктерді айырықша атап көрсету үшін «негізгі тұлғаң ұғымын кіргізеді. Өзімізді қазақпыз деп санау үшін бізде қандай белгі, ерекшелік болу керек? Этникалық қасиеттің

иесін «этнофор» терминімен білдіреді. Бізде олар кімдер? Тоталитарлық жүйеден жойылуға аз-ақ қалып, әрең аман шыққан ұлттық мәдениетімізді қалпына келтіріп алмай, ғарыштық деңгейге ұмытыламыз деу тым асығыстық пікір емес пе екен? Өзіміздің қазақ екенімізді көрсетіп тұратын ұлттық мәдениеттің негізі құламау керек. Бәрібір объективті түрде мәдени ағынға тосқауыл қою мүмкін емес. Оның үстіне ашық қоғам құрамыз деп отырсақ. Мынандай бір ой туады: ұлттық негізді сақтау үшін қандай да болсын бір «этнофильтр» қажет емес пе екен? Ұлт тамыры ауылда әрі шет елдік диаспораларда (қазақтар көп сақталған елдердің бірі – көрші Қытайдағы бауырларымыз) ұлттық белгімізді, дәстүрімізді жаңғыртуда өзіндік бір үлестерін қосатыны анық. Империялық бұғаудан босап жана шыққан, ассимиляцияға ұшырауға аз қалған қазақтар үшін өз ұлтының болашағына қауіптенуі заңды құбылыс. Әр ұлт тарих субъектісі ретінде өзіне тән этномәдениет тудырады.

Қазақстандағы батыстық мәдениеттің ықпалының артуы болашақ даму стратегиясын таңдау мәселесін жаңа қырымен қояды. Зерттеушілер осы мәселе бойынша қазір тек Ресей мен Қытайдың арасында тұрған Қазақстан емес, ал біздің еліміз үшін мұсылмандық және батыс христиандық өркениеттік үлгілердің арасалмағын айқындаудың маңызды екендігі жөнінде өз пікірлерін білдіреді.

Біріншіден, Қазақстандық исламдық елдер қатарына жатады ма және весприцизияға қарсы ислам туын көтеруге болады ма? Әрине, ел халқының 70 пайызы мұсылмандар құрастырғандықтан және төлтумалық мәдени ерекшеліктерден Қазақстанды ислам өркениеті аралығына жатқызуға негіз бар. Алайда, бұл жерде бірнеше нақтылы жағдайларды ескеру керек. Исламдық түсінік бойынша, мұсылман ұлты дегеніміз «уммаң болып табылады, және діни ортақ сезімді ұлттық төлтумалықтан жоғары қоюға болады. Осымен бүкіл қазақстандықтар келісе қояма екен? Оның үстіне Қазақстан республикасы діни емес, ол зайырлы мемлекет болып табылады.

Қазір қоғамның екі типі – дәстүрлі және посмодернизмге бар деп біршама зерттеушілер жар салады. Бірақ, рухани сабақтастық пен заман талабын үйлесімде қоса білген ұлыстар бар екендігін ұмытпаған жөн, олар өз әлеуметтік-рухани құрылымдарын шайдалған, айдын емес постмодернизм ұстындарынды емес, ал тарихи тәжірибеге сүйене отырып дамытады. Бұл тәжірибе мәдениеттер сұқбатының қашанда озық құндылық болғанын дәлелдейді.

Мәдениет ұғымы жаһандануды батыстандыру, америкаландыру деп түсінудің сыңаржақтылығын көрсетеді. Жаһандану қарсы қозғалыстар тек дамушы елдерде ғана емес, тіпті АҚШ-тың өзінде өрістеп келеді. Мысалы, американдықтар иммигранттар санының тез өсуінен ағылшын тілінің күй-жайы төмендеп бара жатыр деп есептейді. Біздің жағдайға келсек, бұл мәселе тек орыс тілді қазақтармен ғана байланысты емес. Болашақта Қазақстанға келуі мүмкін өзбек, қырғыз, пуштуге, тәжік т.т иммигранттары санының артуы қазақ елінде де шұбарландырып жіберуші ғажап емес. Тек бұл мәселені шешу үшін алдын-ала шараларды ұйымдастыру қажет.

Жалпы алғанда метамәдениетінің қалыптасу үрдістерінде жағымды процестер де қатар жүреді. Олардың кейбіріне назар аударайық.

Біріншіден, метамәдениет жаһандық мәселелерді (экологиялық, демографиялық, девианттық, қақтығыстық, т.т) шешуде тиімді рөл атқара алады.

Екіншіден, дүниежүзілік нарықтық қалыптасуы, технологиялық ауысулар, интернет жүйесі, ақпарат ағыны т.б. дамушы елдердің экономикалық үрдісін арттырады.

Үшіншіден, метамәдениет шектелген мәдени тәжірибені бүкіл әлемге таратуға мүмкіндік береді.

Ең маңыздысы, метамәдениет тек күш көрсетпеу, сұхбат, төзімділік, ашықтық жағдайында қалыптаса алады және ғасырлар бойы созылып келген, Шығыс пен Батыстың, Оңтүстік пен Солтүстіктің арасында текетіреті кемітуге мүмкіндік береді.

Мәдениеттің қазақстандық дағдарысынан өту, жергілікті халық – қазақ халқының ұлттық болмысы мен мәдени дамуының формацияларына негізделген, жаңа замандық

талаптарға сәйкес мәдениет институттарының құрылымдарымен ошақтарын дамыту мен жетілдіру функцияларын анықтайтын, жан-жақты зерделенген тұғырнаманы жасау. Ол уақыттық-кеңістік ауқымында мөлшерленер болса – стратегиялық мақсат-мүдделер мен ағымдық ұстанымдар қатарлы бағдарлардан құралмақ:

Стратегиялық міндет: тіл, дін, діл тұтастығы. Осы үш ерекшелікті басқа ұлт өкілдерінің ұйытқысы ретінде қолдану арқылы ынтымақтастықты дамыта отырып, жалпы мемлекеттік сүйіспеншілікке жетелеу.

Жуық арада ескеретін, ағымдық міндеттер: қоғамның тыныс тіршілігінде болып жатқан құбылыстарды стратегиялық міндеттер негізінде реттеп, бақылап отыру.

Қазақстан Республикасының мәдени даму тұжырымдамасы тәуелсіз Қазақстанның мәдени дамуының дербестігін қамтамасыз ету, ұлттық мәдени дамуының дербестігін қамтамасыз ету, ұлттық мәдени сұраныстары мен талаптарын қанағаттандыру және отарсыздандыру (деколонизациялық) саясатын жүргізу маңызды болып табылады.

Жас ұрпақтың мәдени дамуы мен қалыптасуы бүгінгі таңдағы басты мәселелердің бірі. Мемлекеттік саяси бағыт жастардың қоғамдық өмірге қатысу мен мәдени дәстүрлерді қабылдауына ықпал ете отырып, жастардың интеллектуалды өсуі мен мәдени – этникалық құндылықтарды қалыптастыруына негізделуі тиіс. Бүгінгі таңда жастар болашақ қоғам мүшесі, елдің болашағы ретінде айтылып жүргенімен олардың бүгінгі тыныс-тіршілігінен айтарлықтай өзгерістерді байқау қиын. Себебі, жастардың арасындағы нашакорлық пен жеңіл жүріс, батыстық мәдени үрдістерге еліктеушілік кеңеюде. Жастардың тән, жан саулығы елдің стратегиялық қоры, жаңа заманғы дамуының шешуші факторы. Жасөспірімдер мен жастардың ізгілікті, рухани құндылықтарын бойға сіңіру мен насихаттауға иек артуы керек. Жастардың арасында мәдени-адамгершілік құндылықтарының қалыптасуы жағынан екі топтық категорияға бөлінеді.

Біріншісі, ауылдық аймақтардағы мәдени болмысты қалыптастырған жастар.

Екіншісі, қалалық мәдени-техникалық құрылымдар жағынан тәрбиеленуші жастар тобы. Олай болса, Қазақстан Республикасы өзінің саяси-мәдени стратегиясында жалпы қазақстандық жастардың табиғи-болмысына негізделген мәдени форманы қалыптастырудың механикалық құрылымдары ұлттық мәдени ошақтар мен жастардың мәдени және қоғамдық ұйымдарының қалыпты жұмыс жасауының мүмкіндігіне демократиялық-құқықтық нормалар тұрғысынан қолдау көрсетілуі тиіс. Осы аталған ұйымдар мынандай мақсаттарды жүзеге асыруы қажет:

- жастар арасында тұтас мәдени атмосфераны қалыптастыру;

- ауылдық және қалалық жастар арасында ұлттық-мәдени және қазіргі заман мәдени-техникалық құндылықтар жүйесін орнықтыру;

- жастарды саяси-мәдениет, этикалық, патриоттық жағынан тәрбиелеу;

Жастардың эстетикалық, ізгілікті талғамның қалыптасуына алдымен жарнама, электронды ақпарат құралдарының әсер ететіндігін естен шығармағандығымыз жөн. Бөгде идеалдарды таңдау, зорлық-зомбылық, қатыгездікті уағыздау жастармен жасөспірімдер мінез-құлқына қызмет етіп, қазіргі өмірді қабылдау мен өмір сүру дағдысына кері зардабын тигізері анық. Ақпараттық мәдениеттегі шылым шегу, дүлей күшке табынушылық, спирттік ішімдіктерге жарнамаларды іс жүзінде тоқтату, жас ұрпақты сауықтырудың кезек күттірмейтін шаралары.

Жастардың төл мәдениеттен, тарихтан нәр алуы, қоғамымыздағы достық, бейбіт, өмір, келісім, олардың туған Отаны – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілігі мен мақтанш сезімі арттыра түсуі тиіс. Мемлекет қолдауы – мәдени инфрақұрылымдарды дамыту мен материалдық жағынан қамтамасыз етуі бағытталуы тиіс. Соның ішінде театр, кітапхана, стадион, мектептен және жоғары оқу орындарынан тыс ағарту мекемелері, сондай-ақ оқу, әдіс-тәсілдемелік құралдарын, көркем әдебиеттерді шығару, компьютерлендіру, дене тәрбиесі мен спорттық дамытудың мемлекеттік, аймақтық бағдарламаларын жасауы сияқты стратегиялық мақсат - мүдделерді көздеуі тиіс. Әсіресе,

рухани, патриоттық тәрбие беру ісінде, мемлекеттік тілді оқып - үйренудің жаңа, тиімді тәсілдерін тәжірибеге енгізуге ерекше мән берілуі керек.

Ұлт бірлігі жай сөз емес. Саяси процестердің алдын алып, болжап, бағыттап отырғанда кешегі бизнесмендердің бір тобының үндеуі сияқты масқарашылықтан ада болар едік. Тілді саудаға салуға болмайды. Қазақтың ата-бабасынан қалған тарихи мекенінде бір-ақ тіл – қазақ тілі мемлекеттік тіл болуы керек. Тарихтың сындарлы сәтінде тұрмыз. Қателесуге қақымыз жоқ.

Батыстың мемлекет басқару стандарттарын Орта Азияның жағдайына механикалық түрде көшіру, тіпті үлкен қантөгіс оқиғаларға әкелуі мүмкін. Айталық, 90-жылдардың басында Батыс өлшемімен алғанда Тәжікстанда оппозициялық күштер алаңға шықты. Яғни, батыстағылар бұл құбылысты прогрессивтік жәйт, билеуші өкімет пен оппозицияның заңды талас-тартысы деп ұқты. Бұл Батыс аналиткерінің дүниенің бәрін өз өлшемдерімен, өз түсініктерімен өлшеуінің, өз қоғамдық стандарттарын ең дұрыс, ең қажетті, әлемдегі бүкіл мемлекеттер қолдануы, басшылыққа алуы тиіс ең алдыңғы қатарлы, гуманистік мемлекет басқару стандарттары деп ұғынуынан еді. Бұл батыс аналиткерінің дүниедегі өзге мемлекеттердің ішкі жағдайларына, ондағы өмір сүріп жатқан адамдардың менталитетіне, ондағы геосаяси жағдаяттарға мән бермеуінен туындаса керек.

Нәтижесінде Тәжікстандағы алаңға шыққандар ешқандай да оппозиция емес, әрқилы жергілікті кландардың, ұлттық топтардың билік үшін таласы екені белгілі болды. Мұның соңы Тәжікстандағы ауыр қантөгіс соғысқа, мыңдаған адамдардың өз мекендерін тастап босқынға айналуына әкеліп соқты.

Яғни, Орта Азия жағдайында шынын айтқанда, Батыстың түсінігіндегі өркениетті заңға сүйеніп әрекет ететін оппозиция жоқ екенін көрсетеді. Оның үстіне түптеп келгенде, Орта Азия жағдайындағы әрқилы этникалық топтардың күрделі мозаикасы, олардың ертеден келе жатқан қарым-қатынасы, мидай араласқан күрделі территориялық орналасуы жағдайында өкімет билігі қатаң орталықтандырылған, қатаң біркелкі мемлекеттік саясат, біртұтас әкімшілік-билеушілік вертикалы жағдайында ғана саяси тұрақты әрі тиімді биліктік мемлекет орнатуға болады.

Шындап келгенде Жер шарының кейбір аймақтарында (айталық Ауғанстанда) Батыс ұғымындағы «мемлекеттің дейтін нәрсе жоқ деуге болады. (Кейбір мемлекеттерде есірткі барондары үстемдік етуде, басқаларының өз территориясын толыққанды басқарып отыратын басқару-әкімшілік құрылымдары жоқ, үшіншілерінде бір-біріне бағынбайтын әрқилы этникалық немесе жершілдік кландар бар, енді біреулерінің экономикасы тым әлсіз, яғни мемлекеттік аппарат пен әскерін қамтамасыз ететін қауқары жоқ, ...т.с. жағдайлар)

Осылардың бәрі мемлекет ұғымына да, жергілікті жағдайларға да ат үсті қарауға болмайтынын көрсетсе керек. Өзге ұлттар мен ұлыстарды ассимиляциялау, еріту, өзіне сіңіру кез келген үлкен ұлттың басты қасиеті. Және бұл процесс жеке адамның еркінен тыс, қоғамдық дамудың ағынымен, ұлттың даму, сандық сапалық өсуімен қабаттаса жүріп отырады. Қазіргі әлемдегі ұлттардың дамуының басты магистральды бағыты да осы – ірі ұлттардың ұсақ ұлттар мен ұлыстарды ассимиляциялауы, сіңіруі. Және бұл процесс ешқандай да зорлық-зомбылықпен жүріп жатқан жоқ, өмірдің ағынымен бірте-бірте жүріп жатыр. Бұл магистральды жолдан қазақ та тыс қала алмайды, қалуы да мүмкін емес.

Рулық, жүздік салт-сана адамзат дамуының, қазақ ұлтының дамуының қазіргі сатысына, нарықтық, демократиялық қарым-қатынастарға мүлде сай келмейді. Бірақ Қазақстанда ескірген рулық, жүздік салт-сананы әдебі қайта жаңғыртып, қайта көтеріп, насихаттап отырған адамдар бар. Рулық, жүздік сананы қазақтың нарық пен демократия жағдайындағы қоғамдық-әлеуметтік дамуының өзі ұлттық әлеуметтік өмірінен ығыстырып шығарар еді, бірақ осы қоғамдық-ұлттық қалдықтарды әдейі жаңғыртып, жаңа өмірге сүйрейтін, әрі осындай салт-сананың өмір сүруіне мүдделі адамдар бар. Олар одан белгілі бір пайда табады - өзінің жеке басының мәртебесін көтереді (“атың шықпаса жер өртең, «жақсы атың шықпаса жаман атыңмен елге таныл”), өз руына сүйеніп, сайлауда жеңіп

шығады, руының қолдауымен қандайда бір материалдық байлықты, не бір қызметті иеленіп қалады, т.т.

Мүмкін ол бала атақты бидің не батырдың ұрпағы емес, қайдағы бір құл-құтанның, елге кірме келімсектің, шүршіттің, эпиофтың, эскимостың, чукшаның, ирандықтың, арабтың, тәжіктің, т.б. ұрпағы шығар. Сонда ол баланы «сен чукшаның не эпиофтың, француздың не поляктың, арабтың не ирандықтың ұрпағысың деп, немесе «сен нашар, саны аз, ешқандай батыр, би шықпаған рудың ұрпағысың деп қорлауға, немесе баланың іштей қорлануына жол беруге біздің қандай қақымыз бар?!..

Мейлі, ол бала ұры-қарының, тіпті жезөкшенің ұрпағы болсын, ата-анасының кім болғаны үшін бала кінәлі емес, ол бүгінгі Қазақстанның азаматы, қазақпын деп отыр, қазақ тілін оқып отыр. Оның руында, жүзінде, ата-бабасында кімнің қандай қақысы бар? Ол баланы бүгінгі азамат, ертеңгі халықтың болашағы, ұлтымыздың бір кірпіші ретінде құрметтеуіміз, оның ар-ожданын қозғайтын нәрселерден қашық болуымыз керек емес пе?

Баланың жас, әлі қалыптаспаған санасына «сен пәлен рудың өкілісің деп сіңіріп, ертеңгі ұлттың ыдырауға, ру-руға, жүз-жүзге бөлшектеніп кетуге немесе «ана руға, жүзге жағдай жасалды, ал біздің руды, тайпаны шетке ысырып жатыр дейтін ұлттық алақөздікке бастаудың өзі қылмыс емес пе?

Халықтың рухани дүниесі қаншама бай болғанымен, ол ұлттық дүние болып қала береді, белгілі бір кеңістіктік-уақыттық шекараларда өсіп жетеді, этностың, халықтың, ұлттың дүниетүйсінуі мен дүниетүсінуінің ерекшелігін әйгілейді. Ол өзінің дүниені аңғаруының қайталанбайтындығын бекіте отырып, дүниежүзілік мәдениет пен тарих тәжірибесіне ашық, басқа мәдениеттерді түсінуге қабілетті, бұл мәдениеттермен өзара әрекет етуге дайын, тек сондай мәдениет үшін ғана болашақ ашық болады. Бүгінгі ұлттық рухани мәдениет ашық, өзін өзі ұйымдастырушы динамикалық жүйе ретінде дамуға міндетті. Бұл үшін жағдайды жасау - өзіне өркениеттік шұғыл өзгерістердегі қазақстандық қоғамды модернизациялаудың қиын міндетін алған, жаңа ақпараттық қоғамның жаһандану кезеңіндегі құндылықтар әлеміне еніп бара жатқан, мемлекеттің ісі.

Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа интеграциялануы және ол қамтамасыз ете алатын үлес туралы айта келе, оның гуманитарлық барлық салаларда дүниежүзілік ынтымақтастыққа ашық екендігін атап өткіміз келеді. Демократиялық даму, адамгершілік шыңдалу әйтсе де жинақталған мәдени мұраны сақтаусыз және арттырусыз мүмкін емес, осы сынды Барлық экономикалық және әлеуметтік соңғы жылдарды қиындықтарға қарамай, қазақ рухани мәдениеті өзінің өміршеңдігін көрсетті. Қазақстан отандық ғылымның, білімнің, денсаулықты сақтау ісінің, ұлттық мәдениеттің тәжірибесі және жетістіктерімен бөлісуге дайын.

Қазақстан Ата заңы халықтарға ұлттық дәстүрлерді сақтау және дамыту құқына, ал әрбір азаматқа – шығармашылық еркіндікке, мәдени өмірге қатысуға кепілдеме берді. Бұл конституциялық қағидалар парламент қабылданған «Мәдениет туралы Заңда», «Авторлық құқық туралы», «Мұрағаттық қорлар және мұрағаттар туралы», «Мәдени құндылықтарды алып шығару және әкелу туралы», «Кітапханалық жұмыс туралы», «Мұражайлық жұмыс туралы» заңдарда ары қарай дамытылды.

Соңғы жылдардағы экономикалық қиындықтар, өкінішке орай, мәдениеттің бұқаралық ұжырымдары торабының қысқаруына әкелді. Бұл жағдайда саясаттың басты бағыттарына Қазақстанның бай мәдени және тарихи мұрасын (соның ішінде ЮНЕСКО қамқорлығында тұрған объектілерді де), ұлттық рухани мәдениеттің озық үлгілерін сақтау, қалпына келтіру және пайдалану, мәдени инновацияларды дамыту, мәдени құндылықтарды қорғау жүйесін орнықтыру, қазіргі өнер мен дарынды жастар өкілдерін қолдау, барлық азаматтарға мәдениет және оның ұйымдарының нәтижелерін пайдалануға мүмкіндік туғызу жатады.

Мәдениеттің қалыпты дамуы шығармашыл кадрларды тұрақты түрде жасап шығару жағдайларында ғана мүмкін. Бұл мақсатта мәдениет пен өнер саласында көпдеңгейлі кәсіби білім беруді дамыту ойластырылған және мәдениет қызметкерлерін дайындау, қайта

дайындау және кадрларды ротациялауда тұтас жүйені құру, менеджерлер мен әлеуметтік қызметкерлер сияқты, жаңа мамандықтар бойынша мамандар дайындау ісіне басымдылық керек. Кәсіби өнерді қолдаумен қатар, олар бүгін жан-жақты өрістеген және біздің Отанымыздан тыс елдерде де үлкен табыстарға жеткен, халықтық, фольклорлық туындылар зор маңыздылыққа ие.

Қазақ халқы рухани мәдениетінің даму динамикасы, қалыптасқан әлеуметтік-мәдени жағдайларға байланысты, қайшылықты және күрделі процесс болып көрініс табады. Қазақстан тұрғындарының көпэтникалық табиғаты, оның дамуының анық суреттемесін айқындауға мүмкіндік беретін, шектер мен өлшемдерді белгілеуде жүзеге асады. Қазақтардың рухани өмірі, қаншама ұлттық құндылықтар бүкіләлемдік, жалпыөркеніеттік дерек, құбылыс маңыздылығына ие болғанда немесе бола алатындығында, соншама оқиғалығында және қоғамдық көркейтілуінде өзін көрсетеді. Оларды қайтадан жаңғырту тек қазақтар үшін ғана өзіндік құндылық емес, ол Қазақстанда өмір сүретін барлық ұлттар мен этникалық топтардың рухани өзін білдіруінің алғышарты мен жағдайы, қазақстандық ұлт институционализациясының жүйекұрастырушы факторы болып табылады.

Рухани мәдениет қайта жаңғыруының мысалына қазақ мәдениетіндегі жаңа есімдердің жарық шоғыры жатады.

Беделді дүниежүзілік сахналарда Жәния Аубакирова, Айман Мұсаходжаева, Марат Бисенғалиев, Гаухар Мырзабекова, Әмір Тебенихин, Алан Бөрібаев сияқты дарынды қазақстандық музыканттар табыстарға жетіп жүр.

Шетелдердегі үздік қазақстандық әншілердің мойындалуы қуатты вокальдық мектептің бар екендігінің және әрекет ететінің куәсі бола алады. Осының дәлеліне халықаралық конкурстар мен гастрольдерде Әлібек Дінішев, Нұржамал Үсенбаева, Ерік Құрманғалиев, Майра Мұхаммедқызындай орындаушылардың жетістіктері жатады.

Қазақстандық кинода да «Жаңа толқын» өз орнына ие. Бұл халықаралық кинофестивалдардағы Серік Апрымовтың «Үш аға-інің, Дәріжан Әмірбаевтың «Қайрат», Әмір Қарақұловтың «Көгілдір дабыл қағушы», Талғат Теменовтың «Қызғыш күс», Ермек Шынарбаевтың «Бос арбадағы орын», Болат Қалымбетовтың «Соңғы суықтар», Виктор Пұсырмановтың «Қайсар», Сатыбалды Нәрімбетовтың «Жас аккордеонист өмірінің сәттері», Ардақ Әмірқұловтың «Отрардың күйреуі және т.б. фильмдері үшін алған жүлделері.

Қазіргі әлемде рухани өмірдің стереотиптенуінің жаһандық процестері жүзеге асуда, сондықтан этнос рухани мәдениеті әлемдік мәдениет кеңмәтінінен тыс өмір сүре алмайды. Ұлттық мәдениеттің қайталанбайтындығы оның адамзаттың өркениеттік қозғалысынан бөлектенуін ұйғармайды.

Бақылау сұрақтары

1. Рухани мәдениетті зерттеудің философиялық ерекшелігі қандай?
2. Мәдениет тарихындағы жаһандық пен ұлттықтың қарым-қатынасының мәселесі неде жатыр?
3. Жалпы білімнің пайда болуы мен өсуі барысында ұлттық діл жоғалмауының себептерін түсіндіріп беріңіз?
4. Көптеген ғалымдардың, сонымен қатар нақты ғылымдар саласында да сенуші адамдар болып қала берулерінің нақты дәлелдерін немен түсіндіруге болады?

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз

Өзіндік жұмыс тапсырмалары мен тақырыптары

Ұсынылған әдебиет

Контент

1. Жаһандану әлеуметтік-мәдени феномен ретінде
 - 1.1. Жаһандану үрдістерін зерттеу әдістемесі
 - 1.2. Жаһандану ұғымы және оның теориялық-методологиялық негіздері
 - 1.3. Жаһандану үрдісіндегі батыстық және шығыстық құндылықтар
 - 1.4. Жаһандану процесі және мәдениеттің жаһандануы
2. Қазақстандағы жаһандану үдерістерінің бағыттары мен формалары
 - 2.1. Қазіргі қазақ мәдениетіндегі жаһандану үрдістерінің кейбір бағыттары
 - 2.2. Жаһандану және мәдени бірегейлену мәселелері
 - 2.3. Бұқаралық мәдениет өрісіндегі қазақстандық өркениет
 - 2.4. Қазақстандағы рухани-мәдени саладағы жаһандану үрдістері